

№28

/Сәрсенбі/

11 шілде 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru


АЙГАК

МЕДИА



ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛҒАН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АУДАНДАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ БЕЛГІЛЕНДІ

Түркістан облысының аудандарының шекаралары
(Жетісай, Мақтаарал, Келес, Сарыағаш)



**Осы аптаның
сейсенбісінде өткен алтыншы
шақырылымдағы облыстық
мәслихаттың кезектен тыс жиырма
жетінші сессиясында Түркістан
облысының таяуда бөлініп, қайта
құрылған Жетісай, Мақтаарал, Келес, Сары-
ағаш аудандарының шекаралары бекітілді.**

Сессия жұмысына қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Елбасымыздың қолдауымен екі ауданның бөлінуі халқы тығыз орналасқан аумақ үшін маңызды екеніне тоқталды.

«Өткен аптадағы үкіметтің отырысында аталған аудандардың шекарасын бекіту туралы ұсынысымыз қабылданып, бүгін мәслихаттың сессиясында бекітіп отырмыз. Бұл бойын-

ша тиісті жұмыстар жүргізілді. Қайта құрылған Сарыағаш ауданының аумағы 417 мың гектарды құраса, жаңадан құрылған Келес ауданының шекарасы 345 мың 129 гектарды, Жетісай ауданының аумағы 104 мың 600 гектарды, ал Мақтаарал ауданының көлемі 80 мың 760 гектарды құрайтын бола-

ды. Осыған орай, аудан әкімдеріне тиісті жұмыстарды қолға алып, ұйымдастыруды тапсырамын», - деді облыс әкімі.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы облыс орталығы - Түркістан қаласына көшу бойынша қызу жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, қыркүйек айында барлық басқармалармен бірге

көшетінін жеткізді. Ол үшін пілде, тамыз айларында әкімдікке қарасты мекемелер мен мәслихат аппараты орналасатын ғимараттар дайындалатынын атап өтті.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі жоғарыда аталған жұмыстарды бірлесе ұйымдастырып, Түркістан қаласына кө-

Шежіре біріккендей атасуға шақырды. Сессияның барысында бірқатар халық қалаулылары «Астанаға 20 жыл» мерекелік және «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Олардың қатарында Серікжан Сейтжанов, Есей Өркен, Әсет Қайыпбеков, Қайрат Сапарбаев, Мұрат Төлтебаев, Қайрат Сүлейменов, Бекасыл Төлендиевтер бар. Ал облыс әкімінің құрмет грамотасымен Рабиға Қуатбекова, Зуппархан Чалданов, Айнаш Сатиевалар марапатталды.

Жомарт БЕГІМБЕТ.



Суретте: Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаев облыстық мәслихаттың депутаты Б.Төлендиевке «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалін табыстау сәті



МЕГАПОЛИС БАСШЫСЫ ИНДУСТРИЯЛДЫ АЙМАҚТЫ АРАЛАДЫ

Шымкентте «Тассай» индустриалды аймақтың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Өндіріс ошағы негізінен құрылыс кластері мен трансформатор, жиһаз және медициналық құрал-жабдықтар шығаруға бағытталған. Мегаполистің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында мұнда кәсіпкерлерге қажетті инфрақұрылым мемлекет есебінен жүргізілген. Бұл «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған өңірдегі ірі жобалардың бірі болмақ.

Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов жуырда «Тассай» индустриалды аймағында орналасқан «ҚазТехника» ЖШС-нің жұмысымен танысты. Мұндағы өндіріс орнында жарықтандыруға арналған диодты көше және кеңсе шамдары дайындалады.

Айта кетейік, бұл - еліміздің Оңтүстік аймағында диодты жарық шамдарын шығаруды қолға алған

алғашқы кәсіпорын. Қуаттылығы жылына 18 мың дана көше, 36 мың кеңсе шамын шығаруға жетеді. Жоба құны 500 млн. теңгені құрайды. Кәсіпорын екі жылдан бері 40-тан астам адамды жұмыспен қамтып келеді. Орташа жалақы - 110 мың теңге.

Өндіріс орнын аралау барысында қала әкімі «ҚазТехника» ЖШС директоры Сәбит Мұратқа сәттілік тілеп, жұмыстарына оң баға берді. Алдағы жоспарларын тілге тиек еткен кәсіпорын басшылығы цехтағы қолмен істелетін жұмысты автоматтандыруға кіріскендерін айтты. Бұл өз кезегінде жарықты үнемдеуге септігін тигізбек.

Жалпы, қала маңындағы «Тассай» индустриалық аймағының жалпы аумағы 89 гектарды құрайды. Мұнда бүгінде жалпы құны 37 млрд 948 млн теңгені құрайтын 25 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.



Тағайындау

Қайрат ДӘЛБЕКОВ -

Түркістан облыстық ІІД бастығы

Түркістан облыстық ІІД басшысы тағайындалды, - деп хабарлайды ҚР ІІМ баспасөз қызметі. Министрдің бұйрығымен полиция полковнигі Қайрат Дәлбеков Түркістан облыстық ІІД басшысы болып тағайындалды.

Қайрат Сұлтанбайұлы Дәлбеков 1963 жылы 1 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында ракеталық бөлімде әскери борышын өтеген. 1985 жылы Қарағанды қаласындағы Ішкі Істер Министрлігінің жоғары мектебін бітіріп, 1989 жылы Шымкент облыстық атқару комитетінің ИЧ-167/1 мекемесінде шұғыл бө-



лімнің жедел уәкілі болған. 1994 жылы Мемлекеттік Тергеу комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасының 3-бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі қызметін атқарған. Сондай-ақ, ол Мақтаарал ауданы ІІБ бастығының бірінші орынбасары, Кентау қалалық ІІБ бастығы, 2009 жылы қаңтар - мамыр айларында ОҚО ІІД бастығының орынбасары, 2011-2013 жылдары ОҚО ІІД бастығының бірінші орынбасары, 2013 жылдан бері Маңғыстау облысы ішкі істер департаменті бастығының қызметін атқарып келді. 2017 жылдан бері ол Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментін басқарған.

Ералы ЖҰМАХАНБЕТОВ -

Шымкент қалалық полициясының бастығы



Шымкент қалалық полициясының басшысы тағайындалды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ҚР ІІМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Шымкент қалалық полициясының жаңа бастығын жеке құрамға ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Берік Бисенқұлов таныстырды.

“ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен Шымкент қаласы ІІД бастығының лауазымына бұрын ҚР ІІМ Департамент бастығы лауазымын атқарған полиция полковнигі Ералы Жұмаханбетов тағайындалды”, - делінген хабарламада.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ МЕН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТЖД БАСШЫЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Шымкент қаласының және Түркістан облысының төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттерінің басшылары тағайындалды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ҚР ІІМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Шымкент қаласының және Түркістан облысының төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттерінің жаңа басшыларын жеке құрамға Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Берік Бисенқұлов таныстырды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар жөніндегі департаментінің бастығы лауазымына азаматтық қорғаныс полковнигі Нұрболат Дербісов тағайындалды. Дербісов ҚР ТЖА Көкшетау техникалық институтын тәмамдаған. Бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар

жөніндегі департаментінің бастығы лауазымында қызмет атқарды.

Сонымен қатар, министрдің бұйрығымен Түркістан облысының Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент бастығының міндетін атқарушы лауазымына азаматтық қорғаныс полковнигі Нұрғали Жүнісов тағайындалды. Жүнісов Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы жоғарғы техникалық училищесін тәмамдаған. Бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқарған. Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Берік Бисенқұлов төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттердің жаңа бастықтарына жемісті еңбек тіледі.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЖӘНЕ БЕС ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Еркеғали ӘЛІМҚҰЛОВ

ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімі аппаратының басшысы лауазымына Әлімқұлов Еркеғали Амантайұлы тағайындалды.

Еркеғали Амантайұлы үш жоғарғы білімі бар. Еңбек жолын 2003 жылы ҚР табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігінің жетекші маманы болып бастады. 2016-2017 жылдары ОҚО әкімі аппаратының басшысы лауазымында болды. 2017 жылдан бүгінгі таңға дейін ҚР Парламент Мәжілісінің ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі лауазымын атқарып келген.



Қайрат НҰРТАЙ

ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары лауазымына Қ.Ы.Нұртай тағайындалды.

Қайрат Ырзақұлұлы мемлекеттік басқару ісінде жоғары тәжірибелі маман. Бұған дейін ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің кадрлық қамтамасыз ету департаментінде, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мұнай өнеркәсібі департаменті, ҚР Президенті Кеңесі, ҚР Президенті Әкімшілігінде қызмет атқарған. 2015 жылдан Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді. 2018



жылдың 4 шілдесінен бастап Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары.

Бауыржан МАМЫТАЛИЕВ

ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметіне Б.Мамыталиев тағайындалды.

Бауыржан Жаймұрзынұлы мемлекеттік органдарда, қаржы жүйесінде, ұлттық компания, ірі жекеменшік компанияларда жауапты қызметтерді атқарды.

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалғанға дейін «Staier group» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, «Baikadam-Holding» компаниясының бақылау кеңесі тобының мүшесі қызметтерін атқарды.



Гүлжан ҚҰРМАНБЕКОВА

ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметіне Г.Құрманбекова тағайындалды.

Гүлжан Мамытқызы еңбек жолын Шәуілдір жолаушылар көлігі мекемесінің кассирі болып бастаған. 2007 - 2010 жылдар аралығында Шымкент қалалық қаржы бөлімінің бастығы, 2010 - 2012 жж. аралығында Шымкент қалалық әкімдікте бөлім басшысы қызметін атқарған.

2012 жылдың мамыр айынан Шымкент қаласы әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келді. 2018 жылдан бастап Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметіне қайта тағайындалды.



Данат ЖУМИН

ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметіне Жумин Данат Есболұлы тағайындалды.

Данат Есболұлы өртүрлі жанар ісі қызметтерін атқарып, ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының дипломатия институты директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

Мембасқару реформасы жөніндегі Еуропалық комиссияның ұлттық сарапшысы, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі-хатшылықтың басшысы, Шымкент қаласы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі, «Нұр Отан» партиясының саяси жұмыс департаментінің директоры қызметінде болды.



Нұрсадық ЕРГЕШБЕК

ҚР “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметіне Ергешбек Нұрсадық Еркешбекұлы тағайындалды.

Нұрсадық Ергешбекұлы еңбек жолын 1993 жылы «Дамет» сақтандыру қоры филиалының директоры қызметінен бастаған. 1998 жылы - «Энергоснабгрупп-2030» ЖШС бас директоры болып бастаған. Ал 2017 жылдан бүгінгі таңға дейін «Қуатжылуорталық» МКК директоры қызметін атқарып келді.



Бұл аптада
кімдер
туылған?

15.07.1957 ж.
Калыйма Жантөреева
«Нұр Отан» партиясы
Түркістан облыстық
филиалы төрағасының
орынбасары

15.07.1944 ж.
Сағымбай Қозыбаев
Қазақстан Журналистика
академиясының президенті,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор

15.07.1967 ж.
Батырбек Көшербай
ҚР Қаржы министрлігі
ішкі мемлекеттік аудит
комитетінің ОҚО бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы

16.07.1970 ж.
Қарлығаш Еженова
«Exclusive» журналының
бас редакторы

17.07.1969 ж.
Әсел Қараулова
Қазақстан баспасөз
клубының президенті

Құрметті туылған
күн иелері!
Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұжымы
туған күндеріңізбен шын
жүректен құттықтайды!

Бухарбай ПАРМАНОВ -

Шымкент қаласы
Абай ауданының әкімі



Шымкент қаласы мәслихатының кезектен тыс 33- сессиясында депутаттар Бухарбай Пармановтың Шымкент қаласы Абай ауданының әкімі лауазымына кандидатурасын бірауыздан қолдады.

Еңбек жолы 1980 ж. Ленинск ауданы, Ә.Навои колхозының колхозшысы болудан бастаған.

1987-1990 жж. Ленин аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер экономисі, 1988-1989 жж. Ленинск аудандық қаржы бөлімінің аға салық ревизоры-инспекторы, Ленинск аудандық қаржы бөлімінің бас салық ревизоры-инспекторы қызметтерін атқарды.

1994-2002 жж. аралығында Салық және қаржы полициясы органында қызмет атқарған.

2007-2014 жж. ОҚО Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары, 2014-2016 жж. Сарыағаш ауданының әкімі қызметтерін атқарған.

2016 ж. тамыз айының 12 жұлдызынан күні бүгінге дейін Төлеби ауданының әкімі лауазымын атқарып келді.

Әлібек ТІЛЕГЕНОВ -

Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы

ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен Тілегенов Әлібек Балықбайұлы Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы болып тағайындалды. Кеше ротация тәртібімен тағайындалған жаңа лауазым иесін облыс әкімі Ж.Түймебаев қабылдап, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Ә.Тілегенов 1961 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақ ауыл шаруашылығы институтын «Ауыл шаруашылығы экономика және ұйымдастыру», 1996 жылы ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Ұлттық Жоғары мектебін «Мемлекеттік басқару» біліктілігі бойынша бітірген.

2004 жылы Қызылорда мемлекеттік университетін «заңгерлік» мамандығы бойынша бітірген.

Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1983 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы Коммунизм

кеңсесінде бухгалтер болып бастаған.

1984 жылдан - 2011 жылдың қараша айы аралығында Ауыл шаруашылығы министрлігі аудандық басқармасының экономисі, аға және бас экономисі, комсомол және партия ұйымдарында, аудан әкімінің орынбасары, ҚР қаржы министрлігі Мемлекеттік салық инспекциясының басқарма бастығының орынбасары, Мемлекеттік Кіріс министрлігінің басқарма бастығы, департамент директорының орынбасары, Тараз қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, Қызылорда облысы бойынша салық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. 2010-2018 жылдары Шымкент қаласы бойынша салық басқармасының бастығы, Қызылорда облысы бойынша салық департаментінің басшысы, Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы болып еңбек етіп келген.



ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНА ТӨРАҒА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алтыншы шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезектен тыс жиырма жетінші сессиясының күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Алғашқысы Түркістан облысының Жетісай, Мақтаарал, Келес, Сарыағаш аудандарының шекараларын белгілеу болса, Түркістан облыстық мәслихатының Әдеп жөніндегі комиссиясы туралы жиында жан-жақты қаралса, Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасын тағайындау туралы да депутаттардың қолдауымен шешім қабылданды.

Сонымен, жиын қорытындысы бойынша “Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 2-тармағына сәйкес Қуанышбек Тастемірұлы Сапарбеков Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына тағайындалды. Қуанышбек Тастемірұлы 1970 жылы туылған. Білімі жоғары. 1995 жылы қазақтың тұтыну кооперациясы институтын “экономист-бухгалтер” мамандығы бойынша бітірген. Мем-



лекеттік қызметтегі еңбек өтілі 20 жылдан астам.

Еңбек жолын 1988 жылы бухгалтердің көмекшісі болып бастаған. 1992 жылдан бастап Қайнар, Шаттық шаруашылық есеп қоғамдастығының бас бухгалтері болып жұмыс істеген.

1995 жылдан ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік Қаржылық бақылау комитетінің Шымкент қаласы бөлімшесінде аға бақылаушы-ревизор болған. 1998-2000 жылдар аралығында ОҚО бойынша Қазынашылық басқармасының аға бақылаушы-ревизоры болып қызмет еткен. 2000-2016 жылдары аралығында ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің ОҚО бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының жетекші маманы, бас маманы, бөлім басшысы, басшының орынбасары қызметтерін атқарды. 2016 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары лауазымын атқарып келді.

Арман ОРАЗАЛИЕВ -

Жамбыл облыстық ІІД-нің жаңа бастығы



Жамбыл облыстық ІІД-нің жаңа бастығы тағайындалды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ҚР ІІМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-майоры Берік Бисенқұлов жеке құрамға Жамбыл облысының ІІД-нің жаңа бастығын таныстырды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен облыстық ІІД бастығының лауазымына полиция полковнигі Арман Оразалиев тағайындалды.

Оразалиев ІІМ Алматы жоғары мектебін тәмамдаған. Бұрын ҚР ІІМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. Берік Бисенқұлов жаңа тағайындалған облыстық полиция басшысына жемісті еңбек тіледі.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЖД БАСШЫЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Шымкент қаласының және Түркістан облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің басшылары тағайындалды.

Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-майоры Берік Бисенқұлов Шымкент қаласының және Түркістан облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің жеке құрамына жаңа басшыларын таныстырды.

Шымкент қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы болып әділет полковнигі Атәлібек Досмағамбетов тағайындалды. Досмағамбетов РФ Свердлов заң институтын тәмамдаған. Бұрын Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы лауазымында қызмет атқарды.

Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы лауазымына бұрын ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Жедел басқармасының бастығы лауазымында болған әділет полковнигі Талғат Абдранбаев тағайындалды. Абдранбаев ҚР ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін тәмамдаған.

Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Берік Бисенқұлов департаменттердің жаңа бастықтарына жемісті еңбек тіледі.

ҰЛЫТАУДА 18 ЕЛДІҢ МУЗЫКАНТТАРЫ ҚАТЫСАТЫН «ЖЕЗКИІК» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ



Ұлытауда бірінші халықаралық «Жезкиік» фестивалі 12-14 шілдеде өтеді. Онда Мексика, Перу, Польша, Ресей, Түркия, Тәжікстан, Франция, Шотландия, Жапония және Қазақстанның 11 кәсіби фольклорлық ұжымы өнер көрсетеді, - деп хабарлайды Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі. Халық музыкасының фестивалі 13-ші шілдеде Ұлытаудың бөктерінде табиғаты Әсем Болатсай мекенінде өтеді. Бұл күні мұнда Мексика, Перу, Польша, Ресей, Түркия, Тәжікстан, Франция, Шотландия, Жапония және Қазақстанның музыканттары бас қосады. Қойылымдар күндізгі сағат 14.00-де басталады да, кешке дейін жалғасады. Бұл күні, сондай-ақ, фестивальге қатысушылардың шеруі өтеді. Соңында «Ұлытау» тобы өнер көрсетеді. Фольклорлық ұжымдардың концерттері осы ауқымды шара үшін арнайы құрылған этноауылда

өтеді. Оның аумағында сахна, киіз үйлер, ойын алаңдары, алтыбақан, сауда нүктелері, қолөнер шеберлерінің шатырлары, кішігірім өсем мүсіншелер орналастырылады. Этноауылдық кіреберісі үлкен қақпалармен безендіріледі. 14 шілдеде фестиваль Жезқазған қаласында жалғасады. Қатысушылар шеруі 15.00-де басталады, музыканттар Жезқазған қаласының басты көшелерінің бойымен жүреді. Қойылымдар Кеңгір су қоймасының жағажайында өтеді. Көрермендер үшін фольклорлық ұжымдардың қатысуымен үлкен гала-концерт ұйымдастырылады. Бұл күні көрермендер, сондай-ақ, классикалық музыка туындыларын тыңдай алады. Сахнаға Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Армения, Молдова, Италия, Австрияның 17 солісі шығып өнер көрсетеді.

Бетгі дайындаған: Әйгерім ӘЛІБЕКОВА.

ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСТЕ Астананың ТӘЖІРИБЕСІ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының үстіміздегі жылдың қаңтарында қазақстандықтарға арнаған Жолдауында: “Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғыртуға кірістік.

Технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан, дамудың жаңа кезеңіне тың серпін берілді” деді. Осыған орай, Шымкент қаласының әкімдігі Астана қаласының тәжірибесін еліміздің үшінші мегаполисін дамыту үшін қолданады. Бұл жөніндегі меморандумға 2018 жылғы 1 шілде өткен “Жібек Жолы” қалалары мэрлерінің Global Silk Road атты форумында екі қаланың әкімдері Өсет Исекешов пен Ғабидолла Әбдірахымов қол қойды. «100 нақты қадам Ұлт жоспарын» жүзеге асыру аясында қол

қойылған құжат екі мегаполистің әлеуметтік-экономикалық салалары, кәсіпкерлік пен әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға бағытталып отыр.

Нақты айтқанда, Астана мен Шымкенттің кәсіпкерлері инвестициялық жобаларды бірге жүзеге асыру үшін жұмылдырылмақ. Бұған қоса арнайы экономикалық және индустриалды аймақтарды дамытудағы тәжірибе алмасылып, инновациялық өндірістер құрылады. Екі қала арасындағы әріптестік, сонымен қатар, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының жұмысын жақсартып, тауарлар мен қызметтерді сүйемелдеуге сеп болады деп жоспарлануда.

Екі тарап денсаулық сақтау саласына да инновациялық медициналық технологияларды енгізуді жоспарлап отыр. Соның нәтижесінде ана мен бала

өлімі төмендейді деп күтілуде.

Шымкент қаласының билігі Елорданың халықаралық дәрежедегі іс-шаралар өткізудегі тәжірибесін де қолдануды көздеп отыр. Осы мақсатта жергілікті мәдениет саласының мамандары Астанаға іс-сапарлармен барады. Еліміздің бас қаласы Шымкенттің 2020 жылғы ТМД елдерінің мәдени астанасы жылына арналған іс-шараларға дайындық барысына да көмектеспек.

Құрылыс, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары саласында да жаңалықтар күтіп тұр. Мысалы, астаналық жобалаушылар жергілікті мамандарға ғимараттар мен үйлердің құрылысын жоспарлаудың соңғы әдістеріне үйретеді, инфрақұрылымдық дамудың бағдарламаларын жасауға, жасыл желек пен ландшафт дизайнының жаңа технологияларын



ендіруге, қала аумағын көгалдандыру мен заманауи аялдама кешендерін салуға көмектеседі.

Меморандумда цифрландыруды дамыту мен «Ақылды қала» моделін құруға баса назар аударылып отыр. Нақты айтқанда, қалалық әкімдік жұмысына «Project Management» жүйесі енгізілмек. Ол мегаполисті басқаруды біршама жеңілдетіп, мемлекеттік қызметкерлердің жұмысының тиімділігін арттырады.

Қалалық және аудандық әкімдіктердің мамандары енді Астана қаласына жиі іс-сапар-

мен барып, сондағы әріптестерімен тәжірибе алмасады, коучинг пен семинарларға қатысады. Мұның барлығы Шымкенттегі мемлекеттік қызмет көрсетудің электронды форматын жылдам әрі тиімді жүзеге асыруға арналады.

Сарапшылар Астана мен Шымкенттің әріптестігі нәтижесінде екі қаланың дамуы жаңа белеске көтеріліп, өмір сапасын жақсартады және мегаполистерді басқарудың жаңа, тиімді моделі іске асырылады деп күтілуде.



30 ЖАҢА АВТОБУС ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТА ҚАТЫНАЙТЫН БОЛДЫ

Үшінші мегаполисте Елбасының “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында Шымкентте 3 әлеуметтік маңызды бағытта жүретін 30 автобусты таныстырылып отырмыз. Сондай-ақ, «Т-bus» ЖШС қалған 70 автобусты алып келуге міндет алып отыр, - деді Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов.

Бүгінде қала тұрғындары мен қонақтарына 26 көлік компаниясы 70 бағытта 1100 көлікпен қызмет көрсетуде. Әкім, сонымен қатар, қаладағы автопарктерді жаңарту жұмыстары жалғасатынын атап өтті. Ал бұл өз кезегінде қала тұрғындарына сапалы қызметті ұсынуға оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Шымкенттің аймақтық даму институты құрылады. Шымкент қаласының өзінің аймақтық даму институты болады. Қала әкімі Ғ.Әбдірахымов 5 шілде күні әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация (ӘКК) түріндегі аймақтық даму институтын құру туралы шешім қабылдады. Ол институт толығымен қала әкімдігіне қарасты болмақ.

МЕГАПОЛИСТЕ ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАЛАҚЫНЫ КӨБЕЙТУ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАДЫ

“Shymkent Temir” ЖШС - Шымкент мегаполис атанған соң, жұмысшыларының жалақысын көтерген қаладағы алғашқы кәсіпорын. Шымкенттің әкімі Ғабидолла Әбдірахымов кәсіпорынды аралады. Ол мекеменің бірінші жетекшісі Руслан Омаровқа жұмысшылардың жалақысын көтеру бастамасы үшін алғыс айтты.

Қазіргі таңда зауытта 500-ден астам адам жұмыс істейді. Олардың 80% - жергілікті тұрғындар.

Бірінші қыркүйектен бастап, олар бұрынғы жалақыдан 30% көп алатын болады.

“Shymkent Temir” ЖШС зауыты - болат блюм шығаратын қазақстандық кәсіпорын. Мұнда жар-тылай дайын өнімдер 40 тонналық индукциялық пештерде, болатты пештен тыс өңдеу құрылғысында және үш ағынды үздіксіз құю машиналарында құйылады. Жоба Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған

мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

“Оңтүстік” индустриалды аймағында орналасқан кәсіпорынға Үкімдік тарапынан 17 га жер учаскесі бөлінген. Жобаға 5,94 млрд теңге инвестиция тартылған.

Кәсіпорынның жобалық қуаты - жылына 300 мың тонна құйма түріндегі болат блюм шығару. Олар әрі қарай металлургияның кез-келген өнімдерін: арматура, металл

ЖАҢА ЖОЛАЙЫРЫҚ ШЫМҚАЛАДА САЛЫНАДЫ



Шымкенттегі Астана даңғылының бойынан жаңа жолайырық салынады. Соның нәтижесінде қаланың орталық көшелеріндегі көлік қозғалысын азайтуға болады деп есептейді мамандар. Болашақта ұзындығы 6 шақырымға жететін бұл көше Шымкенттің әкімшілік-іскерлік орталығы мен Тассай тұрғын алабын байланыстырады.

Қазіргі таңда Астана даңғылының бойы да көркейтілуде. Мұнда ұлттық үлгідегі шағын сәулет құрылымдары қойылып, жарық тартылған. Сахнасы бар үлкен гүлзар ашылып, шағын гүл алаңшалары егілген.

Бұған қоса, Шымкенттің бас жоспарына сәйкес, Нұрсәт-3 шағынауданының сай-саласында спорт және балалар алаңшалары мен демалыс саябақтары бой көтереді деп күтілуде.

**Бетті дайындаған:
Шаһаризада ДӨНЕМБА.**



тілген еді. Онда 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, 50 адам маусымдық жұмыспен айналысады. Өткен жылы серіктестік 2 млрд. 955 млн. теңгенің өнімін өндірген. Соның есебінен 167 млн. 218 мың теңге салық түскен.

Серіктестіктің жұмысына қаныққан облыс әкімі осы жылдың бес айында өңір бойынша 90 мың тоннадан астам ет өндірілгенін айтып, оның ішінде 8 мың тоннаға жуығы Қазығұрт ауданына тиесілі екенін жеткізді. Бұл мал шаруашылығын дамытуға қолайлы аймақ үшін аз көрсеткіш екенін тілге тиек етіп, осы бағыттағы жұмыстарды дамытуды аудан басшысына тапсырды.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы

тып суару әдісінің арқасында шығын азайып, өнім көлемі артқанын айтады. Мәселен, алма, шабдалы, шие, алхоры, өрік, алмұрт, жүзім өнімдерінен 2017 жылы 14 млн. теңге табыс тапқан.

Бұдан соң әкім «Ыбраһым қажы» шаруа қожалығына аялдады. Мал азығын даярлаумен айналысатын қожалықтың меншігінде 0,25 гектар жер бар. Мұнда тәулігіне 2 тонна көк балауса (гидропон) өндіріледі.

Облыс әкімі БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында ауданда егін және мал шаруашылығы дамығанын айтып, бүгінде мұнда қарқынды бау көлемі артып келе жатқанына және халыққа қажетті коммуналдық мәселелердің де шешім

қазіргі жағдайының жақсарғандығын аңғартады. Бұдан бөлек, аудандағы 8 елдімекенді газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Яғни, қазығұрттық 1800 отбасы биыл көгілдір отынға қол жеткізбек. Газдандыруды алдағы жылдары 95 пайызға жеткізу жоспарлануда. Ол үшін тиісті жұмыстар жасалуда. Су мәселесінде де Қазығұрт алдыңғы қатарда, жалпы ауыз сумен қамтамасыз ету 88 пайызды құрайды. Осы жылдың өзінде 9 елдімекенді таза ауыз сумен қамту жұмыстары қолға алынды. Осындай халыққа қажетті жол, су, газ мәселелердің барлығы ауданда тиісті деңгейде шешіліп келеді», - деді Ж.Түймебаев.

Иә, Президент Н.Назарбаев

ҚАЗЫҒҰРТТЫҚ 1800 ОТБАСЫ «КӨГІЛДІР ОТЫНМЕН» ҚАМТЫЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаев Қазығұрт ауданына жұмыс сапарымен барып, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысып, бірқатар кәсіпкерлік және шаруа қожалықтың жұмысын аралап көрді.

Ең алдымен өңір басшысы мал бордақылаумен және ет өнімдерін өндірумен айналысатын «Қарқын» - 2030 ЖШС-нің жұмысымен танысты. 2009 жылы құрылған серіктестіктің меншігінде 250 гектар жер бар. 800 бас мал бордақылауға шақталған нысанда бүгінде 400 бас ірі қара байлануда. Цехта тәулігіне 5 тонна 12 түрлі шұжық өндіріледі. Дайын өнім елімізден бөлек, Ресейге де жөнел-

Қызылқия ауылдық округіндегі дөңді-дақыл мен жеміс-жидек өндірумен айналысатын «Аманкелді» ЖШС-не барды. Серіктестік бүгінде 2322 гектар жерді баптап, пайдаға асырып отыр. Мұнда 250 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Қожалық 2005 жылы арнайы тұқым шаруашылығы мәртебесіне ие болған.

Шаруашылықтың жұмысымен таныстырған кәсіпкер тамшыла-

тауып келе жатқанына тоқталды.

«Қазығұрт ауданында жалпы қарқынды бау көлемі 242 гектар болса, биылдың өзінде жемісағаштарының көшеті 80 гектар жерге отырғызылды. Жылыжайлар ауданда 117 гектар, ал биыл 30 гектар қосылып отыр. Ал аудандағы 28 мың гектар жерге егілген бидай мен арпаның орташа түсімділігі гектарына 23-25 центнерді құрайды деп күтілуде. Бұл да ауданның

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты қазақстандықтарға арнаған Жолдауында: «Бұл Жолдау жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды», - деп атап өтуі де болашаққа деген қадамды барынша нықтайтыны анық.

Сайрамда БІРҚАТАР НЫСАНДАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Астананың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында Түркістан облысының Сайрам ауданында бірқатар нысандар ашылып, ел игілігіне берілді.

Оның бірі - Ақсукеңт ауылындағы мемлекеттік жекеменшік аясында қайта құрылған 200 орындық балабақша. Бөбекжай заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Мұнда әр топқа арналған ойын алаңшалары, жас өрендердің тәрбие алуына және олардың бойына білімнің алғашқы негізін қалауға қажетті жағдайдың барлығы жасалған.

Салтанатты шарада сөз алған аймақ басшысы сайрамдықтарды Астана күнімен құттықтады.

«Сіздерді Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі таңда елдің төрі - елордамыз барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік мекеніне айналды. Астана - қарыштап дамыған мемлекет-

тің нышаны, әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеудің айқын дәлелі. Айтулы датаға орай, жер-жерлерде іс-шаралар өткізіліп,

әлеуметтік маңызы зор нысандар ашылып, елдің игілігіне тапсырылып жатыр. Бүгін сансыз бабтар мекені Сайрам ауданының орталығында мемлекеттік - жекеменшік әріптестік аясында қайта құрылған 200 орындық балабақшаны ашып отырмыз. Бұл нысанның құрылысы небәрі 8 айға созылып, бүгін міне, барлық жағдайы жасалған күйінде тапсырылып отыр. Бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде салынған үшінші балабақша. Ал, жалпы ауданда 80-нен астам балабақша бар», - деді Ж.Түймебаев.

Бұдан бөлек, Ақсукеңт-2

ауылындағы №3 Сайрам аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қайта құрылымдаудан өткен спортзалы, жабық футбол алаңы мен өкімшілік ғимараты пайдалануға берілді.

Барлық талаптарға жауап беретін бұл спорттық ке-



шеннің құрылысы өткен жылдың тамыз айында басталған болатын. Жобаның құны 209 млн теңгеден асады. Яғни, мердігер аталған қаржыға спортпен емін-еркін шұғылдану үшін барлық жағдайды қарастырған.

Осы күні Ақсу ауылында орналасқан «Gas Standart System» ЖШС-нің сұйық газ сақтайтын және сататын кешені іске қосылды. Мұнда сұйық газдың сыйымдылығы 650 текше метр болатын 13 резервуар жерге көмілген. Бұл - өз кезегінде экологияға зиян келтірмейді және бағасы жағынан жанар-жағар маймен салыстырғанда 2,5 есе арзан.

Міне, осыны ұтымды пайдалана білген кәсіпкер жылдық қуаттылығы 15 мың тонна болатын кешен құрылысын қазіргі заман талабына сай аяқтап, 30 адамның жұмыспен қамтылуына игі ықпал етті.

Астанаға - 20 жыл!

20 ЖЫЛДЫҚҚА 20 ОТБАСЫҒА ТҰРҒЫН ҮЙДІ КІЛТІ ТАПСЫРЫЛДЫ

Елбасы Н.Назарбаев үстіміздегі жылдың қаңтар айында қазақстандықтарға арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктерінде» атты Жолдауында: «Ғимараттардың сапасына, экологиялық тазалығына және энергиялық тиімділігіне жоғары талап қою қажет деген еді.

Салынатын және салынған үйлер мен инфрақұрылымдық нысандарды интеллектуалды басқару жүйелерімен жабдықтау керек» деп атап көрсеткені бөрімізге мәлім. Биыл Астанаға - 20 жыл, Бөйдібек ауданына 90 жыл толуы қарсаңында осы бағытта атқарылған жұмыстар қомақты. Міне, ауданда екі нысанның құрылысы бітіп, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Бірінші кезек аудан басшылары мен зиялы қауым өкілдері бастаған топ Шаян ауылындағы 55 гектар жер теліміне инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым құрылысының лентасын қиды. Республикалық бюджеттен қаржыландырылған нысанның ашылу салтанатында аудан әкімі Б.Танағөзов сөз алып, 55 гектар жерге жүргізілген инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жасаған



мердігер компанияның директоры Әлібек Еркінұлына аудан әкімінің «Алғыс хат» табыстады. Одан кейін «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Т.Дүйсенбеков сөз сөйлеп, Шаяндағы жер теліміне ие болатын 326-ы отбасыны партия атынан құттықтады.

Астанамыздың 20 жылдығына 20 үйді пайдалануға беру салтанатында аудан әкімі Б.Танағөзов құрылысты жүргізген мердігер компанияның директоры Әлжан Құрғанбайұлына аудан әкімінің атынан «Алғыс хатты» табыстап, 20 үйге ие болған тұрғындарға үйдің кілтін тапсырды. Ауданның әлеуметтік жағдайына елеулі үлес қосқан, медицина

саласында еңбегімен көптеген жетістікке жеткен дәрігер Ж.Бейсеновке алғашқы үйдің кілтін алу сәті бұйырды. Өз кезегінде дәрігер Жамал Орынбасарұлы мен 80 жасқа келіп ұй алып отырған қарт тұрғын Людмила Яковлевна ізгі тілектерін білдірді.

20 жаңа үйге қол жеткізіп отырған отбасылардың қуаныштарын шек болмады. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан бүгінгі іс-шара рухани жаңғырудың бір куәсі болып отыр. Іс-шара соңында аудандық мәдениет үйінің әншілері ән-күйден шашу шашты.

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.



Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам дегеніміз - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес - мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН – Мәжіліс Спикері



“Біз Елбасымыздың Ұлт Жоспарын орындау жолында тағы бір маңызды қадам жасадық деуге болады. Президентіміз айтқандай, еліміздің дамуы - бірқатар мемлекеттік функцияларды бөсекелес ортаға

беруді талап етеді. Оның басты мақсаты – мемлекеттік органдардың уақытын үнемдеп, жұмыс сапасын күшейту. Осы орайда, бүгін мақұлданған заң жобасының орны да ерекше, рөлі де өте зор”, - деді Нұрлан Нығматулин. Мәжіліс Төрағасы атап өткендей, ең бастысы – заң жобасы мемлекеттік функцияларды бөсекелес ортаға берудің нақты белгіленген ережелерін бекітеді. Нәтижесінде, бұл мәселеде бүгінге дейін орын алып келген жүйесіздікке, ретсіздікке жол берілмейді. Айта кетейік, осы заң жобасы арқылы 3 кодекске және 4 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі деп күтілуде.

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ – ҚР ұлттық экономика министрі

«Бүгінгі таңда egov.kz порталында бизнеске және халыққа ұсынылатын 746 мемлекеттік қызметтің 452-сі автоматтандырылған, онда 6,8 млн-нан астам пайдаланушы тіркелген, олар 190 млн-нан астам қызмет ал-



ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

ған. 3,3 млн-нан астам қолданушы мобильдік қосымшаны қолданады, оларға 10 млн-нан астам қызмет көрсетілген», - деді министр. Оның айтуынша, бұл өртүрлі сараптамалық топтардың және комиссиялардың жұмысын автоматтандырылған үдерістермен ауыстыруға, бұл олардың субъективті пікірлері негізінде шешім қабылдау тәжірибесін жоққа шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін біріктіру кезінде құжаттардың, толтыру алаңдарының және қарау мерзімінің 50%-тен астамы қысқарады. Тимур Сүлейменов мысал ретінде «БЖК–2020 аясында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер бойынша кепілдіктер беру – мемлекеттік қолдау құралын келтірді, мұнда қызмет көрсету мерзімі 15-тен 2 жұмыс күніне дейін, сұралатын құжаттар саны 8-ден 1-ге дейін және толтыру алаңдары 59-дан 5-ке дейін қысқартылады. «Осылайша, біз барлық мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде операциялық қызметтерді, сонымен қатар мемлекеттік қолдау шараларын баламасыз негізде электронды форматқа шығаруды көздеп отырмыз», - деп мәлім етті министр.

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ – ҚР Ішкі істер министрі

“Елімізде ішімдікке салыну, отбасылық-тұрмыстық салада қылмыс жасау азаймай тұр. Қазіргі таңда учаскелік полиция инспекторларының профилактикалық бақылауында 67 мың ішімдікке салынған азамат пен 10 мыңнан астам нашар отбасы бар. Мұндай отбасыларда 15 мың бала тәрбиеленіп жатыр. Әдетте, нашар отбасылардағы жанжал адам өлімі мен басқа да тұрмыстық қылмыстарға өкеліп соғады. Елімізде 2-3 аса ауыр қылмыс тіркелмеген бір күн болмайды. Әдетте, олар отбасылық-тұрмыстық салада ішімдікке салынған адамдар қарасында болады. Еліміздегі барлық қылмыстың 14 процентінің себебі – ішімдік”, - деді Қасымов халыққа есеп беру кездесуінде. Осы орайда министр мас күйінде жасалған қылмыс деңгейі ең жоғары өңірлерді атады. “Ең жоғары деңгей Ақтөбе облысында байқалып отыр – 28%, Қостанай облысында – 25,5%, Павлодар облысында – 22%, Маңғыстау облысында – 20% және Ақмола облысында – 19,5%. Әрине, біз бақылауды күшейтіп, учаскелік инспекторлардың жұмысын жетілдіріп жатырмыз. Осы салада өкімдіктермен бірігіп, сәйкес шаралар қабылдаудамыз. Мұның басты проблемасы мекемелер саны тым аз әрі адамды емдеуге жіберу үшін тым көп құжат талап етіледі. Осы мәселені шешу керек”, - деді министр /sputniknews.kz/



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ – Түркістан облысының әкімі



«Түркістан қаласын ауыз сумен, газбен, жылумен, электр қуатымен қамту, сонымен қатар көріз жүйесінің құрылысы жобалары мен Түркістан және Кентау қалаларында көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын салу,

инфрақұрылымын дамытуға және туризм индустриясына басымдық берілу қажет. Рухани қалаға зиярат ету үшін жылына 1 миллионнан астам адам келеді. Оның ішінде 160 мыңдайы шетелдіктер. Осы орайда, облыстың туристік потенциалын толық іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, Түркістан қаласында халықаралық әуежай мен Түркістан-Шымкент, Түркістан-Ташкент жүрдек поездын ашу да маңызды. Жақын шетелдермен туристік байланысты нығайту үшін, халықаралық автовокзал құрылысын қарастыруды да жөн деп санаймыз. Сонымен қатар 8-10 айда негізгі өкімдік ғимараттарын аяқтап, оған дейін мемлекеттік қызметкерлердің баспана жалдау жайын мемлекет есебінен шешу мәселесін ұсынамын. Қысқа мерзімде көпқабатты тұрғын үйлерді салуға еліміздегі ең ірі құрылыс компаниялары қызығушылық танытып отыр. Бүгінде көшіру шығындары мен қажетті ғимараттар мен баспана және өзге де мәселелер толығымен есептеліп отыр. Инфрақұрылымдық және транспорттық-логистикалық жүйелер зерттелді. Түркістан еліміздің батыс өңірлерін көкөніспен, азық-түлікпен қамтамасыз ететін орталыққа айналған. Енді бұл тиімді бағытта жаңа деңгейде дамытуды қолға алуды қарастырамыз. Себебі, Түркістанда ауыл шаруашылығын дамытуға климаттық жағдай өте ыңғайлы. Елімізді, әсіресе батыс аймақтардың көкөніске деген сұранысын қамтамасыз ету үшін жұмыстар барынша күшейтілетін болады. Түркістан облысының жаңадан құрылуына байланысты осындай ерекшеліктерді қамти отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін қайта қарастыруымыз қажет», - деді Ж.Түймебаев.

Руслан ДӘЛЕНОВ – Ұлттық экономика бірінші вице-министрі

Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Руслан Дәленовтың айтуынша, осы жылдың басынан 1 маусымдағы жағдай бойынша, 229 нысан бойынша 223 МЖӨ келісімі орнатылды. Инвестицияның жалпы сомасы 787 млрд теңгені құрайды. Бұл туралы Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Руслан Дәленов “Атамекен”



ҰКП-нің МЖӨ жобаларын жүзеге асыру бойынша бақылау кеңесінің екінші отырысында мәлімдеді, деп хабарлайды BNews.kz тілшісі. Руслан Дәленовтың айтуынша, мемлекеттік және жеке меншік өріптестік туралы заң жобасы жылдың соңында қабылданды. Енді ол бойынша МЖӨ тұжырымдамасын өзірлеп, оны дәйектеудің қажеті жоқ. Кейбір терминдер өзгерді. Көптеген мемлекеттік органдар тұжырымдамаға дәйектеме алып үлгерді. “2018 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 229 нысан бойынша 223 МЖӨ келісімі орнатылды. Инвестицияның жалпы сомасы 787 млрд теңгеге жетті. Сондай-ақ, мемлекеттік мүлкті сенімді басқару да МЖӨ келісімшартының құрамына енеді. Демек, оны да МЖӨ ретінде статистикаға енгізген абзал. 2017-2019 жылдарға арналған лимит бекітілді. Ол ашық қолданыста, министрліктің және Электрондық үкімет сайтынан оқуға болады”, - деді Дәленов. Сондай-ақ, вице-министрдің айтуынша 2017 жылдан бастап мақсатты трансферт берілмейді. Білім беру және мектепке дейінгі ұйымдарға қатысты қаржыландыру ортақ пулмен беріледі, сол арқылы жергілікті органдар өздері реттейді.

Нұржан ӘЛТАЕВ –

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

«Заң халықты өзін-өзі жұмыспен қамтудың кейбір мәселесіне қатысты. Мысалы, алғашында еліміздегі халықты жұмыспен қамту орталықтары мемлекеттік мекеме болатын. Ондағы азаматтар белгіленген жалақы алып келді. Яғни олар қанша азаматты жұмысқа орналастырғанына қарамастан, белгіленген ақша қолына тиетін. Сондықтан, халықты жұмыспен қамту орталықтарындағы азаматтар халыққа жұмыс тауып беруде құлшынысы аса байқала бермейтін. Олар тек жұмыста отырып, ақшасын алып келді», - деді вице-министр. Оның айтуынша, биылдан бастап, бұл талап өзгереді. «Осы жылы біз бұл талапты өзгертеміз. Яғни жоғарыда аталған заңда еліміздегі халықты жұмыспен қамту орталықтары МКК форматына (Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны – автор) көшеді. Енді халықты жұмыспен қамту орталықтарындағы азаматтардың жалақысы мен мекеменің бюджеті тікелей оларды қанша адамды жұмысқа орналастырғанына байланысты болады. Мысалы, олар 5 адамға жұмыс тауып берсе, 5 азаматқа белгіленген ақшаны алады. Осылайша, біз халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмысына реформа жүргізіп жатырмыз», - деп түйіндеді сөзін Нұржан Әлтаев /Baq.kz/.

Дайындаған: Айдар ДИДАР.





ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елімізде Президенттің бес әлеуметтік бастамасы аясындағы «7-20-25» мемлекеттік бағдарлама іске аса бастады. Қазірдің өзінде Алматы, Астана, Ақтау, Өскемен және Орал қалаларында жеті адамға ипотека рәсімделді. Түркістан облысының тұрғындары да үй алуға өтінім бере берсе болады. Бұл туралы бүгін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Түркістан облыстық филиалының директоры Ануар Ботанбеков мәлімдеді.

Филиал директоры артықшылықтары көп бағдарлама өте оңай механизммен жұмыс істейтінін айтты.

«Банктер халыққа несие береді, ал «Баспана» ол несиені банктен сатып алады. Бұл халыққа

да, банктерге де тиімді. Сондықтан, 7-20-25 барлығына қолайлы болады. Ипотеканы өз атында үйі жоқ, жұмыс істейтін немесе жеке кәсіпкерлікпен айналысатын кез-келген азамат ала алады. Бағдарлама бойынша ипотеканың жылдық ставкасы 7 пайыз, алғашқы жарнасы 20 пайыз, мерзімі 25 жылға дейін. Тұрғын үй сатып алу үшін Астана, Алматы, Ақтау және Атырау қалалары үшін бағаның ең жоғары шегі 25 млн. теңге, ал қалған өңірлер үшін 15 млн. теңге деп белгіленген», – деді Ануар Амангелдіұлы.

Бағдарламаға қатысу үшін, еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен кірісінің болуын растайтын құжат, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегінің болмауы туралы, тұрғын үйінің болмауы туралы анықтаманы, сатып алатын тұрғын үй құжаттарын және тәуелсіз бағалаушының бағасын ұсынуға тиіс.

Елбасының тапсырмасына сәйкес, несиеге бір триллион теңге берілімек. Бүгінгі күні тізімге 7 банк енді. Олар: Центркредит Банкі, Евразиялық банк, АТФ Банк, Цесна банк, Халық банкі, РБК Банк және Қазақстанның тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі «7-20-25» бағдарламасына қосылды. Алдағы уақытта Сбербанк пен Форте банктері де осы бағдарламамен жұмыс істейтін болады.

Бағдарлама туралы толық ақпаратты www.baspana72025.kz ресми сайтынан алуға болады. Сондай-ақ + 7 (727) 227-20-25 тегін нөмірі бойынша call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚОСЫМША ЕҢБЕКАҚЫ АЛАДЫ

Жалпы республика бойынша жұмысшылар 29 миллиард теңге шамасында қосымша еңбекақы алатын болады, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Ұлттық экономика министрлігінің сайтына сілтеме жасап.

Ведомство мәліметінше, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін, олардың салық жүктемесін азайту туралы екінші бастама бекітілген.

«Ағымдағы жылғы 5 наурызда Мемлекет басшысы Бес әлеуметтік бастамасын жариялады. Айтылған шаралар халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Ұлттық экономика министрлігіне екінші бағыт бекітілген: «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту», - делінген министрліктің хабарламасында.

Екінші бастамаға сәйкес, жалақысы 25 айлық есептік көрсеткіш немесе 60 125 (алпыс мың бір жүз жиырма бес) теңгеден төмен жұмысшылар үшін, жеке табыс салығының мөлшерлемесін 10 есе төмендету ұсынылады екен.

Жалпы республикада мұндай еңбекақыны 2 миллионнан аса

адам алады. Негізінен, бұл ауыл шаруашылығы мен саудада.

«Бұл бастаманы іске асыру мақсатында мемлекеттік органдармен және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлескен жұмыс жүргізілді. Жұмыс нәтижесі бойынша жалақысы төмен жұмысшылардың жеке табыс салығын төмендетудің оңтайлы тетігі айқындалды.

Мәселен, салық салынатын табыс 90 пайызға азайтылатын болады. Қалған еңбекақыға 10 пайыз мөлшерлемесімен жеке табыс салығы салынатын болады. Яғни, салық жүктемесі 10 есеге төмендейді. 2018 жылғы қарапайым мысал арқылы ЖТС ұсынылған есептеуді қарастырамыз», - дейді министрлік өкілдері.

Мәселен, ай сайынғы алатын жалақыңыз 60 125 (25 айлық есеп көрсеткіш) теңге болса, осы сомандан 10 пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарының сомасы, яғни 6 013 теңге шегеріледі, қалатыны - 54 112 теңге. Бұл сомандан 1 ең төмен жалақы - ең аз салық салынбайтын кіріс, яғни 28 284 теңге шегеріледі. Салық салынатын табыс (қолданыстағы механизм) - 25 828 теңге қалады. Қолданыстағы механизм бойынша салық сомасы 25 828 * 10% = 2 583 теңге болады.

Ұсынылған тетікке сәйкес, салық салынатын табысының мөлшері 90 пайызға төмендейді: 25 828 - (25 828 * 90%) = 2 583



теңге. Бұл сомаға жеке табыс салығының 10 пайыз мөлшерлемесі бойынша салық салынатын болады - 2 583 * 10% = 258 теңге. Яғни, іс жүзінде салық мөлшері 10 есе 2 583 теңгеден 258 теңгеге дейін төмендейді, жалақы қосымша 2 325 теңгеге өседі. Аталған тетікті қолдану қызметкердің дереу және кепілдікті қосымша табыс алуын (негізгі жалақы алу кезінде) пайымдайды және жұмыс берушінің қаржылық жүктемесін ұлғайтпайтыны айтылады.

Сонымен бірге, жұмыс берушінің өкімшілік шығындары минимизацияланды. Салық заңнамасына тиісті түзетулер 2018 жылғы 2 шілдеде Мемлекеттің басшысымен қол қойылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына көзделген.

Бұл тетік 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істейді.

Бетті дайындаған:
Ақерке ИСМАНОВА.

НАЗАРБАЕВ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев білім беру мәселелеріне түзету енгізу туралы заңға қол қойды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Ақордаға сілтеме жасап. «Мемлекет басшысы орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім жүйесін жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды», - делінген Ақорданың хабарламасында.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АШЫЛҒАН ОРТАЛЫҚ



«Әлемдік деңгейде таныстырылған құрылым Қазақстан экономикасының тұрақты дамуының нәтижесі», - деді Елбасы. «Астана» қаржы орталығына қатысушылар аймақтық нарықтық капиталына енуге мүмкіндік алады, ал оның аясында құрылатын биржа бірегей саудасаттық алаңына айналмақ, деп хабарлайды kazakh-tv.kz сайты.

Ашылған күннен бастап, ол да ресми түрде іске қосылуы тиіс. Қазірдің өзінде онда жалпы активтер жиынтығы 34 миллиард долларды құрайтын жергілікті және шетелдік 14 брокер тіркелген. Тағы бір ерекшелігі, орталықта исламдық қаржыландыру жүйесі орнайды. «Астана» халықаралық қаржы орталығының ресми ашылу рәсіміне әлемнің 50-ге жуық елінің өкілдері қатысты. Олардың қатарында шет мемлекеттердің басшылары да бар. Салтанатты шара Қазақстан елордасының 20 жылдығына орай-

ластырылды. Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Астана – еліміздегі барлық бастамалар мен оң өзгерістердің флааманы. Халықаралық қаржы орталығы соның айғағы.

«Астана» халықаралық қаржы орталығын құру барысында әлемнің ең үздік тәжірибелері қолданылды. Халықаралық қатысушыларды тарту мақсатында мұнда посткеңестік кеңістікте баламасы жоқ жағдай жасалды. Орталықтың құқықтық статусы конституциялық заңмен бекітілді, ал ресми тілі – ағылшын тілі. «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына 50 жылға дейін салықтық жеңілдіктер беріледі. Валюталық визалық және еңбек режимдері оңтайландырылды. Бұл – ағылшын құқығына негізделген өңірдегі жалғыз орталық. Тәуелсіз сот, халықаралық арбитраж орталығы барлық тараптардың тең құқықтылығын қамтамасыз етеді. «Астана» халықаралық қаржы орталығын Орталық Азия мен Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы қаржы хабына айналдыру міндеті тұр, - деді ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев орталықтың ашылу салтанатында.



Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» кітабындағы

Астана –

халық, мақтаншы


Бүгінгі Астананың негізі мыңжылдықтар тоғысында қаланып, санаулы жылдар ішінде-ақ ғаламат сұлу заманауи шаһарға, нағыз урбанистік жауһарға айналып шыға келді. Еліміздің жаңа астанасын – бүкіл Қазақстан халқының арманынан туған ортақ перзенті десе де болғандай. Алдыңғы тарауда айтып өткенімдей, астананы Алматыдан Есілдің сол жағалауына көшіруді мен көптен ойластырып жүргенмін. Гео-стратегиялық мүдделерді ескеру жағын былай қойғанда, меніңше, жаңа өмірге қадам басқан жас елге дәл сондай жаңа да жас орталық – жалынды жүрек керек еді. Осы бір орасан зор мақсатты қолдап-қуаттаған отандастарымның бәріне де алғысым шексіз. Астана ауыстыру кез келген мемлекет үшін айрықша тарихи кезең са-налатыны рас. Астанаға алғаш келгенінде Испания королі I Хуан Карлос кезінде, мемлекет басындағы ауыр ахуалға қарамастан, сол уақыттағы король II Филипптің астананы байырғы Толедодан елдің тура орталық тұсына – Мадридке көшірген хикаясын баяндап бергені есімде. Мұндай түбегейлі өзгеріс оларда да қызу пікірталас, айтыс-тартыссыз болмаған екен.

Жаңа ірге көтерген орталыққа табан тіреудің жарқын мысалы – АҚШ-тың алғашқы президенті Джордж Вашингтонның тапсырмасымен елсіз жа-пан далада жаңадан соғылған Вашингтон қаласы. Америка Құрама Штат-тары үшін жаңа астана британ тәжінен азат болудың символы ретінде де аса зор саяси мәнге ие еді. Болашақ елордамыздың бас жоспары ашық өткізілген халықаралық байқаудың нәтижесінде бекітілді. Оған ұзын-ыргасы 47 жоба қатысты, жоба авторларының ішінде әлемге аты мәлім қала салушы шеберлер де болды. Басым дауыспен әйгілі жапон сәулетшісі Кисё Курокаваның жобасы озып шықты. Ол болашақ Астананың келбеті үшін Шығыс мәдениетін батысөркеніеті жауһарларымен байыта түсер, көне мен жаңа өзара жарасымға-бар, қала кеңістігіндегі заманауи құрылыс үлгілерін мәңгі өзгермес табиғи ландшафтпен жымдастырып жіберер айрықша шешім ұсынды.

Жоба қабылданды, бірақ жапон сәулет өнері кеменгерінің ойы, менің пікірімше, келешекке қол созған еліміздің арман-мұратына әлі де сай кел-мей жатқандай, қиялымыздағы көрініске дөп келмей тұрғандай еді. Мен жобаны әрі қарай жетілдіре түсуді, оған лайықты ауқым мен өріс беруді тапсырдым. Бұл істі атқаруға Сәрсенбек Жүнісов бастаған қазақ сәулет-шілері жұмылдырылды.

Мемлекеттің ендігі маңызды міндеті – жобаны іске асыруға қажетті қо-сымша қаражат табу еді. Қала құрылысын ойдағыдай жүргізетіндерді қате-леспей таңдай білудің маңызы да одан кем емес-ті. Күрделілігі бас айнал-дырардай, жауаптылығы жалпыұлттық дәрежеге көтерілген бұл шаруаны тек кәсіби деңгейі аса жоғары шеберлер ғана атқара алатын еді.

Қиын міндеттің екеуі де оң шешімін тапты. Астана өзінің бүгінгі сұлу келбеті үшін, әлемдік сәулет өнері жұлдыздарына қарыздар. Олардың сіңірген еңбегінің ерекше екеніне еш күмән жоқ. Мен өз тарапымнан ауқымды қала құрылысының барлық ұсақ-түйегіне дейін мән беруге тырыстым – ғимараттардың идеясын, олардың мақсатты сәулеттік тұжырымдамасын ұсындым, құрылыс жұмыстарының барысын бақыладым, нысандарды үнемі аралап жүріп, еште-



Астананың

миссиясы мен жасампаздығы

ңенің де ескерусіз қал-мауын қадағаладым. Шынында да, мен мұндағы әр көшені, әр үйді жақ-сы білемін, сондықтан да елімізге ат басын бұрған мәртебелі меймандарға Астананы аралату кезінде өзімді бейнебір гид секілді сезінемін.

Ұлы Дала Елінің бас қаласы

Ақорда күмбезіндегі алтын қыран, Қазақ елі монументінің басындағы киелі Самұрық құс, дәстүрлі қазақ үйінің сұлбасын еске түсіретін Тәуелсіздік сарайы және көне аңыздарға арқау болған Бәйтерек – Астананың осы және басқа да көптеген көрікті жерлері ұлттық мифологиямен, халықтың тарихи жадымен тығыз байланысты.

Ұлы тарихи қайраткерлердің есімдерісіз Астана топонимикасын көз-ге елестету мүмкін емес. Оның көшелерінде туған жердің тарихы ежелгі жауынгерлердің мүсін-тұлғаларында, аңыз қаһармандарында, тотемдік жан-жануарлардың бейнесінде қайта тірілгендей болады.

Астананың сәулеттік келбеті сан түрлі ұлт өкілдері мекендейтін қаланың еуразиялық болмысынан хабар береді, шаһардың жай механикалық бірігу жолымен емес, дүниенің төрт құбыласы – Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік мәдениеттерінің үйлесімінен туғанын айғақтайды.

Он жылдан астам уақыттан бері әлемдік деңгейдегі зор оқиғалардың куәсі болып келе жатқан Тәуелсіздік сарайының өн бойынан келісті сәулет-тік шешім мен ішкі функционалды жан-жақтылық өзара жарасым тапқан.

2006 жылы күллі әлемге мәшһүр британ сәулетшісі Норман Фостердің жобасы бойынша салынған, биіктігі 62 метрге жететін алып ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайы Астананың мәдени өмірінің нағыз орталығына айналды. Оның ішіне кітапхана, музей, тіпті театр да сыйып кеткен. Түрлі елдердің дін қайраткерлері өздерінің

дәстүрлі кездесулерін өткізу үшін осы Бейбітшілік және келісім сарайын таңдайды. Н.Фостер Астанада бұдан басқа тағы екі бірегей жобаны жүзеге асырды – 2010 жылдың шілдесінде ашылған алып күмбезі бейнесіндегі «Хан Шатыр» архитектуралық ансамблі және пішіні аса зор көз ұясына ұқсайтын Назарбаев орталығының ғимараты (2013 жылдың желтоқсан айында ашылды).

2009 жылы «Қазақ елі» сәулет кешені салтанатты түрде бой көтерді. Ұшар басына жеңімпаз Самұрық құс келіп қонған, көкке ұмтылған маңғазмұнара Қазақстанның бүгінгі келбеті мен ертеңгі күнін бейнелейді. Осынау ғаламат кешен қазақ жазирасының кеңдігінен, ұшы-қиыры жоқ дала тұрғындарының дарқандығынан хабар береді. Қазақ елі монументінің негізінде қазіргі заманғы Қазақстан тарихының жарқын беттерін ашатын айшықты бедер жатыр. Сонымен қатар, монумент Еуразия кіндігінде жаңа мемлекеттің дүниеге келгенін паш етіп тұр.

2014 жылдың 24 желтоқсанында тұ-

Итальян сәулетшісі Манфреди Николеттидің жобасы 2010 жылы Ақорданың маңынан орын тепті. Оның сыртқы сұлбасы енді ашылып келе жатқан дала гүлін көзге елестетеді. Бұл – италиялықтардың елорда құрылысындағы жалғыз қолтаңбасы емес. Ренато Аркетти қазіргі заманғы әлемдік сәулет өнерінің үздік жауһарларынан еш кем түспейтін «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының ғимаратын салды (2013 жылдың маусым айында ашылды).

Сол жағалаудың салтанатты реңкіне сән үстей түскен сәулетті ғимарат – ақшаңқан қабырғалары мен алтын күмбезі көз қарықтыратын «Нұр-Астана» мешіті (2005 жылы салынған). Діни қауым мүшелері мен жалпы келушілерге әрдайым есігі ашық православиелік Свято-Успенский шіркеуі, Рим-католик шіркеуі, «Бейт Рахель – Хабад Любавич» синагогасы, сондай-ақ басқа да дін ғибадатханалары жұмыс істейді. 2008 жылы Тәуелсіздік алаңында Әзірет Сұлтан мешітінің құрылысы басталды. Төрт жылға созылған жұмыс тура Аста-



сауы кесіліп, Ақорда деген атауға ие болған ел Президентінің ресми резиденциясы үш жылдан астам уақытта салынып бітті. Көк түсті күмбезбен көмкерілген көрікті ғимарат өзінің клас-сикалық сұлулығымен атам заманғы айбынды сарайларды еске түсіреді және дүние жүзіндегі президент резиденцияларының ең көркем «ондығы-на» еркін енеді.

Ғимарат Астана сәулет кешенінің күретамыры іспетті түзу сызықтың дәл ортасында орналасқан «Хан Шатыр» – «Бәйтерек» – «Ақорда» – «Бейбіт-шілік және келісім сарайы» – «Қазақ елі»... Кешеннің сәулеттік кескінінде Ұлы дала дәстүрлерімен сабақтастық идеясы, сондай-ақ еуразиялық мәдениетті, толеранттылықты алға шығару мақсаты мен қуатты Қазақстан мем-лекетін қалыптастыру ниеті өзара тоғысып жатыр.

Елорданың ең ерекше ғимараттарының бірі – «Қазақстан» концерт залы.

на күнінде – 2012 жылдың 6 шілдесінде аяқталды.

Сәулеттік пішіндердің жан-жақтылығына Астананың ғылым, мәдениет, медицина және спорт орталығы ретіндегі мазмұны мен кескін-келбеті де саймасай. Мен осы және басқа да нысандарға шұқшия қарап, өзгертулер енгізіп, сәулетшілермен талай отырдым. Оның бәрін суреттеу кітаптың көп бетін алар еді. Мақтанғаным емес, Астанаға қараймын да сүйсінемін. Осы-ны шынымен біз жасадық па? Иә. Жаңа астана жайнай түсті.

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Назарбаев университеті – еліміздегі ең жоғары білім деңгейімен даңқы шыққан оқу орындары. Ұлттық ғылыми-медициналық орталық, Ана мен бала ұлттық орталығы, Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы отандық денсаулық сақтау

саласының мақтанышы саналады және қай жағынан болсын, шетелдік үздік орталықтармен бөсекелесе алады. Астананың басты спорт ареналары – «Қазақстан» спорт сарайы, төбесі жабылатын «Астана-Арена» футбол стадионы, «Сарыарқа» велотрегі, конькимен сырғанаушыларға арналған «Алау» стадионы – ең қатаң деген спорттық-техникалық талаптарға да сай келеді және әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді.

Орта мерзімді міндеттерді шешумен қатар, елорданы дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарлары жөнінде айқын ұстанымымыз болуы керек екеніне өз басым сенімдімін.

Мақсатты түрде ілгерілей беруіміз үшін, біз қаланың келешектегі кес кінкелбеті мен бет-бейнесі қалай боларын анықтап алуымыз керек. Астана-ны дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясында бұл бейне ұсақ-түйегіне дейін нақтыланып, тәптіштей баяндалған. Қаланың тұрақты дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында өршіл мақсаттар мен оларды іске асыру жолдарының, сондай-ақ өз мүмкіндіктеріміздің арасындағы қисынды теңгерімге қол жеткізілген. Біз қолымыздан келетін іске ғана тәуекел етіп, бел шешіп кірісуіміз керек. Қала халқының өмір сүру стандарттарын жақсарту және әлеуметтік салаға икемделген экономика құру басты мақсат ретінде белгіленіп отыр.

Қала құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Ол өзіне ғана тән қайталан-бас ырғақпен өмір сүріп келеді. Жаңа астанамыздың жылнамасы әрі қарай жалғаса бермек. Бұл жерде жаңа ғасырдағы төл тарихымыздың шежіресі жазылуда.

Бірде Индонезияға барғанда, мен сол елдің тұтас мини-картасын көрдім. Астанаға оралған соң, қала басшылығына соның қазақы нұсқасын

– «Атамекен» этно-саябағын салуды тапсырдым. Енді жаңа астанамыздың орталығынан назар салған жанды өте керемет әсерге бөлейтін тұтас Қазақстанның шағын келбетін көруге болады.

Бұл жерде мен «өз бойына бүкіл Қазақстанды сыйдырған Астана» деген тұспалды бекерден-бекер қолданып отырған жоқпын. Біз астананы әйтеуір ауыстыру үшін ғана ауыстыра салған жоқпыз, бүкіл Қазақстанның жарқын болашағы үшін көшірдік.

Астана: қазақстандықтардың кеңейген көкжиегі 2000 жылдардың басында отандық және шетелдік бизнес Астана құрылысына жүздеген миллион доллар инвестиция салды. 2007 жылға қарай Астананы салуға және абаттандыруға 400 отандық компания мен 100 өнеркәсіп кәсіпорны атсалысты, ал құйылған инвестиция көлемі 5 миллиард доллардан асып кетті.

Елорданы жеделдете дамытудың пәрменді факторы ретінде 2001 жылы менің Жарлығыммен құрылған «Астана – жаңа қала» еркін эко-номикалық аймағын атап өтуге болады. Бұл шешім содан бергі он бес жылда елорданың жалпы аймақтық өнім көлемінің 45 есе дерлік өсуіне (1998 жылғы 60,5 миллиард теңгеден 2013 жылғы 2,7 триллион теңгеге дейін) ықпал етті.

2009 жылдың қазан айында елордаға келген Франция президенті Николя Саркози Астана құрылысының белсенді жүріп жатқан қарқынына бірнеше рет назар аударып, ақырында: «Мұнда келмей тұрып, мен өзімді өте жігерлі жанмын деп есептейтінмін. Енді Қазақстанда менен де жігерлі адамдардың бар екеніне көзім жетті», деп өзілдеді.

Мен үшін Астананың тез арада салынғаны ғана маңызды емес. Оның қарқынды дамуына қарап, бүкіл ел тұрғындарының еселі еңбекке ынталана түсуі одан да маңызды. Мұның ықпалы,

ең алдымен, көрші облыстардан сезіле бастады – бұл өңірлердегі адамдардың іскерлік белсенділігі күрт артты. Елдің бас қаласымен және оның құрылымдарымен бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігі өңірдегі кәсіпорындарды оңтайлы бизнес-үлгі іздеуге жетеледі. Біреулер Астананың құрылыс индустриясымен өзара байланыс орнатса, екіншілер елорданы азық-түлікпен қамтамасыз ету бағытындағы шараларға қатыса бастады, үшіншілер демалыс орындарын және туризмді дамыту саласына басымдық бергенді жөн көрді.

Урбанизация тәжірибесін зерттей келе, менің байқағаным: ірі қалалар мен астаналар экономикасының құрылымы өзгергенде, олармен серіктес-қалалардың да, жақын маңдағы шаһарлардың да экономикасының құрылымы түбегейлі өзгеріп кетеді екен. Біздің елімізде де солай болды.

Астананың тікелей ықпал етуінің нәтижесінде басқа облыс орталықтарында, бір жағынан, елорда қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, екінші жағынан, өндіруші қаланың өзінің қажеттіліктерін ынталандыратын салалар қайта бас көтеріп, дами бастағанын байқау қиын емес.

Тек кәсіпорындар ғана емес, жекелеген адамдар да өз қабілет-қарымын байқап көру үшін, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсу үшін жаңа мегаполиске үміт арта бастады. Мұның өзі жаңа мүмкіндіктерді пайдалану мақсатында мыңдаған адамдардың елордаға ағылуына ұласты.

Көші-қон қарқынының қандай екенін мына статистикаға қарап білуге болады: 2000 жылдан 2013 жылға дейін Астана тұрғындарының саны 300 мыңнан 800 мыңға дейін, яғни екі еседен

артық өсті. Елорданың Қазақстан халқы үшін әлі де бөсеңдемей отырған тар-тымдылығында тек іскерлік астар ғана бар деп түсінбеген жөн. Астана – өмір сүруге өте қолайлы, дамыған инфрақұрылымға, мансаптық жағынан ғана емес, мәдени демалыс тұрғы-сынан да әртүрлі мүмкіндіктерге ие қала: астаналық театрлар, кинотеатр-лар, концерт залдары, мейрамханалар, сауда және ойын-сауық орталықта-ры, спорт алаңдары сан алуан талап-тілекті де қанағаттандыра алады.

Астана елдің барлық өңірлерімен және күллі әлеммен автомобиль, өуе және темір жолдары желісі арқылы сабақтаса байланысқан. Бұл – Орталық Азиядағы ең ірі көлік торабы. Темір-жолдың жаңа жүйесі жасалып, еліміздегі ең алғашқы «Астана – Бурабай» автобаны ашылған соң, бұл тораптың маңызы бұрынғыдан да арта түсті.

Құла дүзде бой көтерген елорда өңір табиғатының айрықша қатал-дығына қарамастан, нағыз жасыл желекті шаһарға айналып шыға келді.

Астананың әсем саябақтары – қаланың әрі көркі, әрі тынысын кеңітер «өкпесі». Қазір қаланы жалпы аумағы 60 мың гектар болатын қалың жасыл сақина қаусырып жатыр. Бұл идеяны ортаға тастаған өзім болатынымын – елорданы қоршай егілген ну ағаш бірте-бірте жайылып өсе келе, қаланың теріске йіндегі табиғи ормандарға қосылып, тұтасып кетпек. Көгалдандырудың дәл мұндай орасан зор жобасы Қазақ жерінде бұған дейін болған емес.

Сөз жоқ, Астананың ірі агломерация және ел орталығы ретінде өріқарай дами түсуі ұлттық ауқымдағы басым міндет болып саналады. Сол себепті, мен жеке өзім үшін «астананы дамыту арқылы

мемлекетті да-мыту» деген қарапайым сөз тіркесін туындатқан даму формуласын алға қойдым. Қазір бүкіл Қазақстан экономикасы қарқынды даму үдерісіне ілесті.

Бұған Астананы ауыстыру туралы шешім аз ықпал еткен жоқ, менің оған сенімім көміл. Шеті-шегі жоқ ұзақ жолдың – Қазақстан Республикасының тұрақты даму және өрлеу жолының бастауы да осы. Алатаудың қарлы бөктерінен Есіл жағалауына көшіп, ұшы-қиырсыз ұлан-ғайыр Қазақстанның даму қарқынын айқындап отырған Астананың даму жолы да сол.

Бас қала – бақорда:

Астананың

XXI ғасырдағы миссиясы

Жаңа астана елдің кешегісін келешегімен біріктірді. Қазақстанның қақ ортасынан орын тепкен қала – арғы ата-бабаларымыздың орындалған арманы, ал Ұлы Дала – оның басты әлеуеті еді. Мен мұны бүгінгі Астана тек қиялымда ғана өмір сүрген сонау 1990-шы жылдары-ақ ұғынған бола-тынмын. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа шындығын мен «Еуразия жүрегінде» деген өдемі метафора арқылы сипаттауға тырыстым.

Астана арқылы біз жаңа Қазақстанды жер-жаһанға таныттық. Алайда, бұл қаланы біз, ең алдымен, өзіміз үшін, өз Отанымыз үшін жаңадан ашқандай болып отырмыз. Астана құрылысы бұл кезеңде бүкіл посткеңестік кеңістіктегі ең ауқымды мегажобаға айналып, еліміздің әлеуетін әлемге өйгіледі.

Бүгінде Астана – Қазақстанның жаңа тарихының жүрегі. Астананы мысалға ала отырып, тұтас мемлекетіміздің даму барысын бажайлауға болады.

XXI ғасырда Астана Орталық Азияның саяси өмірінде маңызды орын алатын қалаға айналды, оның аймақтағы процестерге әсер-ықпалы барған сайын күшейе түсуде.

2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Астанада өткен ЕҚЫҰ саммитінде, сол кезде осы ұйымның төрағасы міндетін атқарған мемлекетіміз Еуразиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа орай маңызды бастамалар көтеріп, кей-ін сол жаңа саясаттың белсенді жақтаушысына айналды. Мен саммитте сөйлеген сөзімде «Бүгін Еуразияның жүрегінде, байырғы қазақ жерінде мыңжылдықтар бойы адамзат тарихын жасаған ұлы халықтардың үнқаты-суы басталды, – дей келе, – алып Еуразия құрлығын сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сынды жалпы құндылықтарға негізделген ортақ кеңістікке айналдыру – өз қолымызда. Біздің саммиттің тарихи маңызы мен атқарар жүгі де осында деп білемін», деп сөзімді түйіндеген едім.

Қазақстанның жаңа елордасы – Астана тек алға ұмтылуды көздейтін-мемлекет туралы идеяны айшықтай түседі, бірегей қазақстандық жолды сипаттайды, Қазақстанның болашаққа ұмтылысын бейнелейді.

Қазір Астана көз алдымда көркейіп, өсіп-өркендеп келе жатқан уақытта, мен оның дәл осылай құлпыра құбылатын күні қашан туатынын армандаған сәтімді еске аламын. Астана Шығыс пен Батыстың ұлы рухани құндылықтарын бойына сіңірген асқақ мәдениеттің ордасы болатын күнді аңсағаным жиі ойыма оралады. Біз Қазақстанды армандар ақиқатқа айналатын ел еттік.

Н. Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» кітабынан үзінді.

**Сараптаған
Айдар ДИДАР.**





Қалдыбек Сейданов-Қазақстан Республикасы Гуманитар Ғылымдар Академиясының академигі, профессор, Өзбекстан Республикасы Тұран Ғылымдар Академиясының академигі, әдебиет зерттеушісі-сыншы ғалым. Ол ғұмырының 58 жылын қазақ-өзбек халықтарының достығы, жалпы Орта Азия халықтарының ынтымақ-бірлігі, әдеби-мәдени байланыстары жайды 670-тен астам мақала, қазақ-өзбек тілдерінде үлкенді-кішілі 22 ғылыми-зерттеу еңбектерін жазып, бауырлас екі ел оқырмандарын өз шығар-

Достықты жырлаған ғалым

малары арқылы қауыштырған абзал азамат.

Академик, профессор тек ғылыми еңбектер жазумен ғана айналыспайды, кейде шабыгты шалқыған шақтарда қаламынан жыр төгетін ақын болып кететіні бар... Тілі тартымды, ойлары орамды, оқуға жеңіл. Ең бастысы-өмірдегі өртүрлі құбылыстарды өлеңге арқау етеді, достықты көп

жырлайды.

Иә, екі елдің суын тең ішіп, өзбек-қазақ достығына ерекше көңіл бөлетін Қалдыбек Сейдановтың:

“Туысқан -бауыр өзбегім,
Арнадым жыр мен сөз кенін.
Тынысым бір, ауам бір,
Ұқсайды саған өз демім.
Өнін тыңдап, Абайдың,
Жырын оқып, Науаидың.

Ішіне ендік сиқырлы,

Өлең деген сарайдың...”-деген өлең шумақтары жанға жайлы, жүрекке жылы тиеді.

Достық жыршысы, қаламы қарымды азамат Қалдыбек Сейдановтың қаламынан туындаған жыр шумақтарын Қазақстандағы Өзбекстан жылы аясында оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Түбіріміз бір - туыспыз

(Әжінияздың 175 жылдығына орай)

Сәлем бердім, Ей, бауырым!
Туысқан Бердақ еліне.
Қалайда шабыт келмесін,
Енгенде туыс жеріне.

Тойына бүгін біз келдік,
Әжінияз сынды алыптың.
Мақтанышы ол әман-
Сіздердей сақи халықтың.

Инжу - маржан жырлары,
Қайнар көзі шабыттың!
Жасыратын не сыр бар,
Туысқанбыз-анық бұл.

Тарихқа көз салып,
Тереңірек үңілсек,
Дәм - тұзымыз аралас,
Бөліспейтін халықпыз!

Домбырам мен қобызың,
Күй шерткенде жосыла,
Тәжік, өзбек, Қырғыздар,
Тыңдайтынына қанықпын!

Тартылып суы Аралдың,
Біраздан бері қамықтың!
Қиындығына тап келіп,
Базар деген нарықтың!

Бұларға да мойымай,
Жыр бұлағын ағыттың!
Осылайша өрлей бер,
Биігі болып халықтың!

Қарабұлақтық өзбек бауырларға

(Димаш аға Қонаевтың 90 жылдығына орай, 2002 жылдың 5-қаңтар күні, Сайрам ауданына қарасты 48-техникалық лицей алдына ескерткіші ашылғанда оқылған өлең)

Ассалаума ғалейкум,
Туысқан бауыр - өзбегім.
Біздер анда, Сіз мұнда,
Еркесі болып екі елдің,
Ағытайық жыр кенін.

Құтты болсын игі ісің,
Зейінді туыс бауырым.
Жылқы жылы жарқырап,
Өркендей берсін ауылың.

Ұлы тұлға, кемеңгер,
Димаш аға тойында.
Құшақтаса қауыштық,
Өтірік емес, бұл да шын.

Есімін қойып мектепке,
Туғырын биік көтердің.
Енді бүгін қарасам,
Ескерткішін орнатып,
Заңғар боп тағы көріндің.

Біздер өзбек елінде,
Сіздер қазақ жерінде.
Бөтен емес, бөгде емес,
Еркін тыныс ап жүрміз,
Егіз елдің төрінде.

Айтақан ұлы Қуаныш,
Әкім-басшы болғалы.
Зейін, пайым, парасат,
Зеректігін танытып,
Көрініп жүр биіктен.

Тарихқа барлау жасасақ,
Төсекте бас,
төскейде мал түйіскен.
Туыспыз ғой - бәріміз де-
Шын пейілімен сүйіскен.

Қалжыңымыз, қағытпамыз-
өзіліміз не тұрады?...
Жеңіліп кейде,
Бірде жеңіп күліскен.

Әр іске бейім, бауырмал,
Зерек бауырым-өзбегім.
Тәуелсіздік таңында,
Гүлдене берсін елдерің.

5.01.2002 жыл.
Сайрам ауданы,
Қарабұлақ елді мекені.

Туысқан бауыр - Өзбегім

(Ташкент қаласының 2200 жылдығына орай, 2009 жылдың 7-тамызында, Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшілігінде болып өткен

«Тәуелсіздік таңы - достық нәрі» атты ғылыми - теориялық конференцияда оқылған өлең)

Туысқан бауыр - өзбегім
Бейне бір демің - өз демім.
Тәуелсіздік таңының-
Қарсаңында жиырма жыл,
Тебірене тереңге,
Ағызайын жыр кенін!

Тарихқа көз салып,
Зейінменен үңілсем.
Бір шынардың бұтағы,
Өзбек, қазақ - өз елім!

Қадірменді - зиялы,
Өзбек бауыр - достармен.
Сыйласып, ылғи сырласып,
Қызметтес боп, бір жүрдім.

Бірде бірі:
«Ей, қазақ!
Былай тұршы!» - деместен.
Ардақ тұтып, қастерлеп,
Орын берді төрінен.

Жатсынбастан, бөгдесінбей,
Бауырына басты да-
Құшақ ашып, сый көрсетіп,
Деді мені: «Өз ұлым!».

Бірге таттым:
Алма, өрік, мейіз,
түршек-дәмдерін.
Кәуабы мен палауын да
бір жедім.

Қымыз ішіп,
қырды бірге аралап,
Қуанышты да, қайғыны да
бір бөлдім,

Айналайын!
Өзбек бауыр - туғаным!
Шын айтамын:
өзіңменен бір болуға,
Белді бекем бұғанмын!
Сол үшін де болған емес еш
қайғым.

Ей ағайын!
Түбі бірге туысқан-
Шынайы дос, өз бауыр!
Көңіл бөліп, көз жүгіртіп-
Ташкентіме қарашы!
Сәнді көпір, даңғыл жолдар,
Ат шаптырым арасы.

Адым сайын атқылаған
фонтандар,
Сая бағы көмкерілген
гүлдермен.
Бәрі сәнді, бәрі мәнді -
мазмұнды,
Өздеріңмен, біздермен!
7.08.2009 жыл.

Иқандық бауыр - Өзбегім

(Белгілі ақын Міртемірдің 100 жылдығына орай, торқалы тойына барғанда оқылған өлең)

Өз бауырым-өзбегім,
Қарашы көзім, өз көзің,
Ыстық сәлем ап келдім,
Өзбекстан - өз елім!

Мерейлі тойға біз келдік,
Міртемірдей алыптың.
Мақтанышы ол әман,
Екі бірдей халықтың,

Инжу - гауһар шерлері,
Нәрлі көзі шабыттың.
Несіне ашық айтпайын,
Туысқанбыз-анық бұл.

Тарихқа мән беріп,
Шындығына жүгінсек.
Дәм - тұзымыз аралас,
Енші алмаған халықпын.

Домбыра мен дутарың,
Күй шерткенде қосыла.
Тәжік, қырғыз, түрікмен,
Жырлағанда жосыла,
Бір отырып, бір үйде -
Тыңдайтынына қанықпын

Тәуелсіздік таңының,
Алғашқы бірер жылында.
Тап болып базар нарқына,
Қиналып, біраз тарықтың!

Ақылымен қарап нарыққа,
Еңбек етіп, тер төгіп,
Қиындықты жеңдің де,
Еліңді жұртқа таныттың.

Міне, бүгін қарашы!

Міртемірдей шайырдың,
Жүз жылдығын өткізіп,
Тағы өзіңді таныттың!

Зерделі, туыс-бауырым,
Мән беріп достық, бірлікке.
Ынтымақты дамытып,
Жыр бұлағын ағыттың!

Өз ағайын, өз бауыр!
Тәуелсіздік таңында.
Дәл осылай өрлей бер,
Ерені болып халықтың!
24.X.2010 жыл.
Түркістан ауданы,
Иқан елді мекені.

Ана тілің - арың ол

Ана тілің-
Айта білсең,
Жан денеңді жадыратар,
Арың ол!

Тауып айтпай,
Қауып айтсаң,
Сай сүйекті сырқыратар,
Сорың сол!

«Тілім бар» деп,
Тілді тыймай,
Көкі берсең көсемсіп,
Жақынға да, досқа да,
Керек болмай қаларсың!

Өсек айттып,
Сайрай берсең сандалып,
Қоғамнан да, ортаңнан да,
Ойып орын алмассың!

Тіптен де, тіптен, тіптен де,
Сүтке тиген күшіктей,
Жиылған жұрт алдында,
Сытыла шығып, ығысып,
Кері кетіп тірлігің,
Керексіз болып әманда,
Айдалада қаларсың!

Ей ағайын, Ей бауыр!
Тыия білу тілді де,
Адамдықтың
белгісі!
Тыия алмасаң
тіліңді,
Ол-надандық
белгісі!



Жағары білім ұғымына анықтама қандай?

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 35-б. сәйкес жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады. Ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары оқу орындарының негізгі түрлері болып табылады. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыға біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі. Білім беру бағдарламаларын іске асыру және ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүргізу үшін, жоғары оқу орындары инновациялық-білім беру консорциумын құруға және (немесе) оған кіруге құқылы.

Оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және циклы бойынша) қосымша ақылы сабақтар беруге ЖОО-ның құқығы бар ма?

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 63-б. 3-ші-т. сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелері білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызмет көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдары) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып, үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті өзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (техникалық және қызмет көрсетуші еңбек мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру



мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тәуелсіз мамандарды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беруге құқылы.

Жоғары білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі лицензиялауға жатады ма?

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 57-б. 1,2-ші-т. сәйкес, заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиат) білім беру қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін кәсіптік біліктілік деңгейлерін ескере отырып, олар үшін жаңа кәсіптер мен мамандықтар бойынша лицензиялау оларда лицензиялардың болуына қарамастан, жалпы негіздерде жүргізіледі.

Жоғары білімді төлеу үшін білім беру грантын қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесінің» 1-ші және 2-ші тарауларына сәйкес, білім беру гранты - кәсіптік білім алуға төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы; білім беру саласындағы уәкілетті орган - білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы; республикалық конкурстық комиссия - білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты өткізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия (бұдан әрі - Комиссия).

Білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты білім саласындағы уәкілетті орган құратын Комиссия өткізеді.

Білім беру гранттары талапкерлер өтініш білдірген нақты мамандықтар, тіл бөлімдері мен оқу нысандары бойынша мамандықтар кезектілігіне сай білім беру грантын беру туралы куәлікті берумен қоса, ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша сертификаттар балдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі. Білім беру грантын алу конкурсында қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні бойынша балдар ескеріледі.

Білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін, азамат жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, білімі туралы құжат (түпнұсқа), ұлттық бірыңғай немесе кешенді тестілеудің сертификатын, 3x4 көлеміндегі екі

ЗАҢҒЕРЛІК КЕҢЕС

фотосурет, 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысу үшін азамат өтініште өзі таңдаған мамандық пен жоғары оқу орнын көрсетеді.

Таңдау бойынша пәндер сәйкес келген жағдайда, азамат төрт мамандықты көрсете алады. Білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін, өтініштер 23-31 шілде кезеңінде қабылданады.

Осы Ереженің 6 және 6-1-тармақтарында көрсетілген білім беру грантын алуға басым құқығы бар азаматтар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына аталған құқықты растайтын құжатты тапсырады.

Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен нострификатталуы тиіс.

Бірінші және екінші топтағы мүгедек азаматтар, мүгедек балалар, сондай-ақ бала кезден мүгедектер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына таңдаған мамандығы бойынша оқу үшін, теріс көрсеткіштің жоқтығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптама (МӨС) қорытындысын ұсынады.

Конкурсқа қатысу үшін кемінде 50 балл, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша кемінде 65 балл, ұлттық жоғары оқу орындарына түсушілер үшін кемінде 70 балл, ал «Білім», «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» және «Ветеринария» мамандықтарының топтары бойынша кемінде 60 балл, оның ішінде бейінді пәні бойынша кемінде 7 балл (әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл), ал қалған пәндерден кемінде 4 балл жинау қажет.

Шығармашылық мамандықтарды таңдаған талапкерлер білім беру грантын алу конкурсына бір мамандық бойынша қатысады және тек шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орнын ғана көрсетеді.

Білім беру гранттарын алуға арналған конкурсты өткізу кезінде:

1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдардың;

2) дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар адамдардың;

3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылғы Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші

және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының басым құқығы бар.

Комиссия шешімінің негізінде білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы шығарылады және білім беру грантын тағайындау туралы куәлік ресімделеді. Білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Білім беру грантын иеленуші өзі жоғары оқу орнына қабылданғанға дейін одан бас тартқан жағдайда, білім беру грантын беру туралы куәліктің күші жойылады, ал білім беру гранты осы Ережеде белгіленген тәртіппен беріледі.

Қай жағдайларда іс бір соттан басқа соттың қарауына беріледі?

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ 34-б. сәйкес соттылық қағидалары сақтала отырып, соттың іс жүргізуіне қабылданған іс кейіннен ол басқа соттың соттылығына жатқызылса да, сот оны мәні бойынша шешуге тиіс.

Егер:

1) тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтінішхат берсе;

2) бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін, істі осы сотта қарау мүмкін болмаса;

3) істі осы сотта қарау кезінде оның іс жүргізуге соттылық қағидалары бұзыла отырып, қабылданғаны анықталса;

4) осы Кодекстің 27-бабының үшінші бөлігінде көзделген негіздер туындаса;

5) осы Кодекстің 32-бабында көзделген негіздер туындаса, сот істі басқа соттың қарауына береді.

Тараптардың істің осы соттың соттылығына жатпайтыны туралы арызда-рын осы сот шешеді. Істі басқа сотқа беру туралы мәселе бойынша ұйғарым шығарылады. Ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады және шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

Осы баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларда істі оның соттылығын анықтау үшін жоғары тұрған сотқа беру туралы ұйғарым шығарылады. Істі басқа сотқа беру туралы мәселені жоғары тұрған соттың судьясы іске қатысатын адамдарға хабарламастан және сот отырысын өткізбестен жеке-дара қарайды. Қарау нәтижелері бойынша ұйғарым шығарылады, ол түпкілікті болып табылады және оған шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

Істі бір соттан екінші сотқа беру – осы ұйғарымға шағым жасау мерзімі өткеннен кейін, ал шағым берілген жағдайда – шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін жүргізіледі.

Соттар арасындағы соттылық туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және ол шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

Түркістан облысында дүние жүзінің түкпір-түкпірінен дәрігерлер келіп, жергілікті науқастарды қабылдап жатыр. Сегіз топтан тұратын 30 шақты медицина маманы Сайрам ауданында болып, тегін медициналық көмек көрсетті. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында жүзеге асып жатқан тарихи оқиға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мұқан Егізбаевтың қолдауымен жүзеге асып жатыр.

Республикалық «МИР через ДУХОВНОСТЬ» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, алдымен, облыстық клиникалық ауруханада «Халықаралық медициналық конференция» өткізіп,

облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы М.Егізбаев.

Бұл шараға республикалық «МИР через ДУХОВНОСТЬ» қоғамдық бірлестігінің бас-аяғы 70-ке жуық



ғары екеніне көз жеткізіп жатырмыз. Әлемдік дәрежедегі дәрігерлер, менің пайымымша, түрлі медициналық техникасыз түк істей алмайтындай, бір сөзбен айтқанда, робот-дәрігер болып бара жатыр. Ал бұл жердің мамандары ешбір техникасыз да ауруды дөп басып, таба алатынына таң қалдық», - дейді аталған қоғамдық бірлестіктің мүшесі Галина Корчагина.

Мұхит асып келген онкология, педиатрия, ревматология, стоматология, терапия, генетика және гастроэнтерология саласының мамандары шілде айының 6-на дейін халықты тегін қабылдауға дайын. Бүгінгінің

ӘЛЕМ ДӘРІГЕРЛЕРІ ТҮРКІСТАНДА ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

жергілікті медицина саласының жетекшілері және мамандарымен тәжірибе бөлісті.

“Біз бұрын-соңды болмаған тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Түркістан облысы әкімінің мұрындық болуымен жүзеге асқан маңызды шараға келген республикалық “МИР через ДУХОВНОСТЬ” қоғамдық бірлестігінің дәрігерлері мен еріктілердің игі ісі көпке үлгі болары сөзсіз”, - деді

мүшесі жұмылдырылған. Атап айтсақ, 42 медицина маманының 29-ы шетелдік (АҚШ, Англия, Германия және Малайзия), 9-ы ТМД елдерінің (Ресей, Өзбекстан, Украина, Молдова) және 4-уі қазақстандық дәрігерлер. Топпен бірге еріктілер мен аудармашылар да келген.

Алыстан ат арытып келген дәрігерлер 8 топқа бөлініп, қызмет көрсетіп жатыр. Атап айтсақ, мамандар Сай-

рам аудандық ауруханасы мен «Қарабұлақ», «Манкент», «Қарасу», «Қара-мұрт», Қайнарбұлақ» бастапқы медициналық – санитарлық көмек орталығы мен №12 Шымкент қалалық емханасына бекітілген халық арасында қабылдау өткізіп жатыр.

Шетелдік мамандардың Сайрам ауданын арнайы өздері таңдауы бекер емес. Өйткені, мұнда халық көп, тығыз орналасқан. Оның үс-



тіне, бірқатар елді мекендер қаладан шалғай орналасқан.

“Сайрам ауданында киелі жерлер өте көп. Арамыздағы азаматтардың көбі дінге берілген десем болады, басым бөлігі – мұсылмандар. Еңбегімізге ақы

сұрамаймыз. Ұйымдастырушылар барлық жағдайымызды жасап берді. Ол үшін алғысымыз шексіз. Науқастарға жергілікті дәрігерлер қойған диагнозды растап, мұндағы мамандардың сауаты мен біліктілігі жо-

өзінде жұмысшы топ күніне 1,5 мыңға дейін науқас қабылдап, ем-домын жазып беріп жатыр. Кейбір дәрі-дәрмектер мен қажетті көз-ілдіріктерді мамандардың өзі сайрамдықтарға тегін таратып бермек.



дың» «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жаңғырту көзделген. Соның бірі-Шардарада жүзеге асқан тираж жүйесі. Бұл құрылымның ерекшелігі-кеңселік емес жүйе. Емделуші аурухананың күту залына не қаралу бөлмесіне келген соң, дәрігерлердің кабинеттерін аралап жүрмейді. Медициналық көмекке зәру, ауырып тұрған емделуші кезекке тұрмайды.

Екінші топ (сары аймақ)-қабылдау бөлімшесіндегі шұғыл немесе кезек күттірмейтін көмек көрсетуді қажет етпейтін, сондай-ақ диагнозын нақтылау мен саралауға қалдырылған пациенттер;

Үшінші «қызыл аймақ» қабылдау бөлімшесінде шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді қажет ететін топ. Міне, әлем бойынша енгізілген және тиімді қолданыс үстіндегі жүйе енді елімізде де қарқынды іске асуда.

Шағалалы аймақта соңғы жылдары бірқатар ілгерілеушіліктер орын алуда. Атап айтар болсақ, биыл қалалық

ШАРДАРАДА ТЕНДЕССІЗ «ТРИАЖ» ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шардара аудандық ауруханасы елімізде теңдесі жоқ «Триаж» жүйесіне қосылды. Бүгінде бұл жүйеге лайықталып салынған ғимарат толықтай заман талабына сай медициналық құралдармен жабдықталған. «Триаж» ғимараты республика бойынша бұрын-соңды болмаған бірегей жоба. Шағалалы аймақта денсаулық саласында орын алып отырған жағымды жаңалықтар бұл ғана емес. Айтайын дегеніміз мұнда келер жылдың соңына дейін 150 келушілерді қабылдауға қауқарлы емхана пайдалануға беріледі.

Елімізде 2016-2019 жылдарға арналған денсаулық сақтауды дамыту-

Жүйенің артықшылығы жедел, жоспарлы және дәрігерлік көмекке өзіндік жүгіну сынды «іріктеуді» білдіреді. Мұнда бір пациенттің жағдайын бағалау процесі 60 секундтан аспайды. Бағалау аяқталғаннан кейін емделушілер арнайы түрлі түсті бирка немесе лента түріндегі іріктеу санатының бір түсімен белгіленеді.

Бірінші топ «жасыл аймақты». Мұнда медициналық көмекті аздап қажет ететін және одан әрі амбулаториялық емделу үшін үйіне жіберілген немесе жоспарлы емдеуге жатқызылатын пациенттер.

емхана жанынан құны 1 млрд 600 млн теңгені құрайтын 150 келушіге арналған емхана құрылысы басталып 2019 жылы ел игілігіне берілмек. Сонымен қатар, шалғайда орналасқан елдімекендерге қолжетімді медициналық көмек көрсету мақсатында неміс технологиясымен жасалған 13 модульдік медициналық тіректер халыққа сапалы медициналық қызмет түрін көрсетуде. Ауданның бас дәрігерінің айтуынша, алдағы уақытта да бұл саланы дамытуда жұмыстар өз жалғасын таппақ.

Бетті дайындаған: Ұлжан НАУШАБАЕВА.

ЫСТЫҚ КҮНЕН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Шілде айы басталғалы Қазақстанның басым бөлігінде ауа температурасы 30 градусқа дейін көтерілді. Осыған орай, қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшылары ыстықтан қалай қорғану керектігі туралы айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Күннің ысуынан келетін қауіп-қатер көп, адам өлімі көбейеді. Оның себебі, ыстық ауа ағзадағы қан айналым жүйесіне кері әсерін тигізеді. Ағзадағы су жоғалып, қан ұйып қалады. Салдарынан тромб түзіліп, тамырлар қысылады. Сондықтан, ыстық ауа райынан инфаркт, инсульт, қанқұйылу тәрізді қан-тамырлар ауруы көбейеді», - деп хабарлады орталықтың баспасөз қызметі. Орталықтың алғашқы қағидасы - ғимарат ішіндегі салқын ауаны сақтау. Терезені айқара ашпай, перде мен жалюзиді түсіру қажет. Бұл жағдайда кондиционер таптырмас құрал болар еді, бірақ кондиционер жұмыс істеп тұрған бөлмеде екі сағаттан артық отыруға болмайды. Екінші қағида - бас киім мен мақпадан тігілген ақшыл түсті киімдер киіп, көлеңкеде жүруге тырысу керек. Жазда міндетті түрде күннен қорғайтын көзілдірік кию қажет, себебі, қан тамырларының қысылуынан көздің бұлшық еттеріне қысым түсуі мүмкін. Үшінші қағида - күн астында 11:00-ге дейін немесе 16:00-ден кейін ғана қыздырынуға болады. Күн астында бір жарым сағаттан артық жатпауға тырысыңыз және күннен қорғайтын құралдарды пайдаланыңыз. Төртінші қағида - ыстық ауа райында сұйықтықты көп ішіңіз және салқын душ қабылдаңыз. Бұл сұйықтық теңгерімін ұстауға көмектеседі. Бесінші қағида - алкогольді ішімдіктер дене температурасын едәуір көтереді, сондықтан ыстық ауа райында алкогольді ішімдіктен бас тартқан жөн. Никотин қанға оттегінің келуіне кедергі жасайды, қан тамырларын кішірейтеді, сондықтан ыстық ауа райында шылым шегу де қауіпті.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА КӨНЕ ДӘУІРЛЕРГЕ ЖАТАТЫН ТАҢБАЛЫ ТАСТАР ТАБЫЛДЫ

Теріскейден неолит, қыпшақ дәуіріне жататын тарихи тастар табылды. Сырлы Созақ ауданында қазба жұмыстарын жүргізген археологтар бұл аймақтан сондай-ақ, жерлеу орындары мен өңделмеген алтын сынықтарын да кезіктірген. Таңбалы тас тарихи құнды жәдігерлері облыстық тарихи өлкетану мұражайында өткен баспасөз мәжілісінде таныстырылды.



орналасқан. Қазір онда Елбасы тапсырмасына сәйкес, зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тарихи ескерткіштерді қайта қалпына келтіру бағытында бұл нысанға айрықша назар аударылуда.

“Өткен жылы бізде жұмысшы тобы құрылып, 104 нысан іріктеліп алынды. Оны “Рухани жаңғыру” кеңсесіне ұсындық. Тиісті ғалымдар зерделеп, біздің облыстан 26 нысан республикалық тізімге енгізіліп отыр. Осы тізімнің ішінде Созақтағы таңбалы тас та бар”, - дейді облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы басшысының мін-

детін атқарушы Асылхан Темірхан.

Жобаның мақсаты - қасиетті Түркістан мен Ұлытау арасын жалғаған шежірелі аймақтың насихаттау. Тарихи ескерткіштерді сақтау. Қазба жұмыстарының бел ортасында жүрген археолог, Мәдени мұра ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Сағымбай Мұрғабиевтің айтуынша, Таңбалы тас аумағында тарихи 4 нысан анықталып отыр. Алдағы уақытта осы аумаққа туристік бағыттар белгіленбек.

“Негізгі нысандар ретінде ол жерден екі кешен табылды. Ол жерде де зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. Жақын арада белгілі болады. Оның ерекшелігі сонда - ол құмды жер болып келеді. Сондықтан, ондағы жерлеу орындарындағы бұйымдар жақсы сақталған”, - дейді ол.

Аталмыш жұмыстар қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының аясында жүзеге асып жатыр. Ал өңірде 1281 тарихи ескерткіш бар. Олардың жойылып кетуіне жол бермеу үшін, тыңғылықты жұмыс атқарылууда. Жақында тарихи киелі орындарға арналған аңыз-өңгімелер жинағы жарық көрмек. Сондай-ақ, тарихи ескерткіштерді көпшілікке насихаттайтын арнайы сайт ашылмақшы.



Таңбалы тас Қызылорда, Қарағанды және Түркістан облыстарының шекарасы түйіскен жерде

ЕЛБАСЫ КӨРМЕСІ - БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Астана қаласындағы Елбасы кітапханасы ұйымдастырған «Дәуір, Ұлға, Қоғам» атты көшпелі көрмесінің Оңтүстік Қазақстан облысының «Өлкетану» музейінде жұмыс жасауы мақтаныш деп айтар едік. Тәуелсіз қазақ елінің саяси тарихында өзіндік орны бар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен еңбек жолындағы атқарған істерінің нәтижесі мен көрсеткіші және мақтаныш етер қоғамдық тәрбиелік маңызды іс-шараны Шымкент аграрлық колледжінің білім алушыларыда көріп, тамашалады.

Көрмеде Елбасының әкесі Әбіш пен Әлжан ананың отбасында қолданған заттары және отбасылық фото альбомдар, достары туралы мәліметтерден басталып, мектеп қабырғасындағы естеліктермен жалғасып, білім алу жүйесіндегі негізгі көрсеткіштері қойылған. Азаматтық жасқа жетіп білім алып, еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастап «Казметаллургстрой» тресінің құрылыс басқармасының қызметкері болып жұмыс атқарғандығын және Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партиялық, комсомол жұмысында, Қарағанды металлургия комбинаты партия комитетінің хатшысы, Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарғандығы жайында кең көлемде мәліметтер берілді. Көрме барысында Елбасымыз еліміз КСРО құрамында болған сәтте Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметінде болғандығы кең көлемде таныстырылды.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста атқарылған істер жайында қаншама құндылықтар сақталып, тарихымен бірге таныстырылып, әрбір істің жетекшісі болғандығын білдік. Атап айтар болсақ: еліміздің мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы, Конституция құндылықтары, теңге саясаты, ел экономикасын дамыту жолындағы жауапты істері және қазақ қоғамының саяси тыныштығын сақтаудағы атқарған еңбектері жайында кең көлемде сыр шертілген. Ел игілігі үшін атқарылған Астана қаласының бой көтеруін ондағы Елбасының қолтаңбаларын айқын көрсете білген. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өз туындылары қойылған. Бүгінгі күні бір ғана еліміз емес әлем елдерінің тыныштығын сақтауда атқарып отырған істері нақтыланып, баяндалған. Әлем елдерінен алған сыйлықтары мен марапаттары өз алдына бір дүние десек болады. Әрбір алынған марапаттардың өзіндік сыры мен тарихы бар.

Астанадан бастау алған осынау тәуелсіздік тарихынан сыр шертетін бұл көрменің кейінгі ұрпақ үшін берері көп, тағылымы мол деп айтар едік. Елбасы көрмесінің жүзеге асуына қызмет көрсетіп отырған Оңтүстік Қазақстан облысы «Өлкетану» музейінің қызметкерлерінің атқарып отырған жұмыстарын шексіз шығармашылық табыс тілеміз. Көрменің бүкіл тарихын кең көлемде таныстырып, жастар мен жасөспірімдерге жүйелі мағлұмат берілді. Колледж білім алушыларының патриоттық сезімін оятуда бұл көрменің берер құндылығы жоғары болды. Білім алушыларды алып барып таныстырған «Қоғамдық пәндер» кафедрасының оқытушылары Ш.Үсентаева, Г.Қаниева, Ф.Малаева, П.Қасимова және Ж.Мұхтархан болды.

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында атқарылған көрмеге жоғары баға берілді. Мұндай рухани бағыттарда дәрежесі жоғары іс-шараларға қашанда табыс тілейміз. Ертеңгі ұрпаққа қалдырар тарихы бар елімізді қашанда мақтаныш етеміз.

Айгүл НАЛИБАЕВА,
Шымкент аграрлық колледжі

ТҮРКІСТАНДА ӘЙГІЛІ ТЕМУРИДТЕР МУЗЕЙІНІҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі және Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Темуридтер тарихы мемлекеттік музейінің ұйымдастыруымен «Тимуридтер тарихы музейінің жауһарлары» тақырыбындағы фото-кітап көрмесінің салтанатты түрде ашылуы өтті.

Аталған көрме - Қазақстандағы Өзбекстан жылы аясында, сонымен қатар Астана қаласының 20 жылдығына орай ұйымдастырылуда.

«Темуридтер тарихы» Мемлекеттік музейі Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың бастамасымен 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығына орай құрылған.

1000-ға жуық жәдігерлері бар.

«Темуридтер тарихы» музейі қорында Өзбекстан тарихын көрсететін бірегей бұйымдар жинақталған. Олардың қатарында түрлі қолжазбалар мен хаттар, алтын, күміс және мыс монеталар, керамикалық, қола және мыс бұйымдары, Әмір Темір және Темуридтер дәуірінен сыр шертетін жәдігерлер сақталуы.

Көрменің арнайы ашылуында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директор орынбасары Серік Үркімбаев қос ел арасындағы құндылықтарды дәріптеуге арналған шараның маңыздылығына тоқтала келе, достық қарым-қатынастың одан ірі дамуына тілектестігін білдіріп, қонақтарға алғыс хат және кәдесыйлар мен музейдің баспа өнімдерін табыстады.

Темуридтер тарихы мемлекеттік музейінің дирек-



торы Файзиев Хуршид мырза да музейдің тарихына тоқталып, Түркістан жұртшылығына Өзбекстан мемлекетінің ыстық сәлемін жеткізді. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ұжымына да зор алғысын білдірді.

Өзбекстандық қонақтармен бірге келген тарих ғылымдарының докторы, профессор Абдумажид Мадраимов «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі кітапханасына «Жемчужины Государственного музея истории Тимуридов» альбом-каталогын және «Адолат ва Қудрат Тимсоли» кітабын сыйға тартты.

Тарихи танымдық көрме көпшілік назарына бір ай көлемінде жұмыс жасайтын болады.

Бетті дайындаған: Әйгерім ӘЛБЕКОВА.



3ілді әзіл...

Көш көлікті болсын!

Сүйінші!
Облыс Түркістанға көшеді екен.
Көшсе,
Руханияттар қаласына барып,
Мәртебесі өседі екен.
Елбасы көреген!
Ордалы Оңтүстікті
Рухани жаңғырып,
Жемқорлықты
Парақорлықты,
Түрлі - түрлі қорлықты
Қойсын деп,
Түркістанға әдейі көшіріп отыр.
Сөйтіп,
Абыройымызды өсіріп отыр!
Хош,
Жансейіт, інім,
Сонда көшуді неден бастау керек?
Өзімізді рухани дайындап,
Баяғы ескі әдетті тастау керек!
Жас шенеуніктер
Қайсыбір,
Қызмет-байлыққа мас шенеуніктер
Қылтың-сылтыңды қоясыздар.
Бес уақыт намаз оқып,
Дәретпен жүресіздер.
Неге күлесіздер?
Бұл -Шымқала емес.
Түркістан! Түркілердің ордасы.
Хандар, билер, қолбасы,
Зиялылар сонда жатыр.
Мәслихат мәнімен мәслихатталсын.
Тендерлер тең ойналсын!
Әсіресе, заң орындары,
Баб пен тармақтарға абай болсы!
Басқаша қалай болсын?
Неге?
Түркістан- екінші Мекке!
Бұрын обал-сауапты,
Екі иықта екі періште жазушы еді,
Енді шариғатпен «Бабтар» жазады.
Арғы-бергіні қазады.
Құтылуға дәрмен жоқ.
Таныстардан пәрмен жоқ.
Құдайдың күдіреті-
Осы,
«Облыс Түркістанға көшеді»- дегелі,
Жүрегім лүпілдеп
Оң қабағым бүлкілдеп,
Менде күндіз -күлкі,
Түнде -ұйқы жоқ
Жансейіт, інім!
Киелі, Түркістанға көшу оңай емес,
Сонда қалай көшесіздер?
Аттың жалы, түйенің қомында ма,
Ол- қалған!
Шетін айтсам, сезесіздер...
Атейстік әдетті қоясыздар.
Күзге қарай,
Құран бағыштап, мал соясыздар.
Ат шаптырып, күресесіздер.
Көне,
Осы сөзімнің қайсысы жалған?
Арысы Түркі елі,
Берісі,
Алты алаш ағайын келеді,
Келмегені, құттықтап хат жібереді.
Кім біледі....
Бабтар қолдаса
Сіз -Министр боп
Орынбасарлар әкім болып
Әлі-ақ мұрат-мақсатқа жетесіздер.
Айтқаным айтқан,
Осыдан көресіздер...
Өрине, бұл-өзіл,
Өзілдің түбі- зіл...
Көш көлікті болсын,
Керуен көрікті болсын!
Ақ жол!

Ералхан
ЖЫЛҚЫАЙДАРУЛЫ



Өнегелі өмірімен, еселі еңбегімен ел құрметіне бөленіп, зейнеткерлікке шыққан ардагерлер-жастар үшін бағдаршам іспетті. Осы орайда Түлкібас ауданынан 20 ардагер аталарымызбен, 10 ақ жаулықты апаларымыз Елордамыз Астана қаласына саяхаттау мақсатында сапарға аттанды. Аудан әкімдігі тарапынан ұйымдастырылған бұл игі шара Астана қаласының 20 жылдығына және Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына ұштастырылып отыр.

Шара басында сөз алған аудан әкімі Н.Тұрашбеков: «Елімізде «Қариясы

Ардагерлерді ардақтау - игілікті іс

бардың - қазынасы бар» деген нақыл сөз бар, осы орайда ардагерлерімізді қашан да қадірлеп, қастерлеп, ілтипаттың төріне қондырып жүру мақсатында осындай іс-шараларды ұйымдастыруға әр-қашан да атсалысуға дайынбыз», -деп ардагер аға, апаларымызға ақ жол тіледі.

Сонымен қатар, ардақты ардагерлерімізді шығарып салу рәсіміне қатысқан аудан мәслихатының хатшысы С.Сейсенбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің

төрағасы С.Қасымбек және аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Қ.Анашев өз тараптарынан ақ тілектерін айтып, сәтті сапарға шығарып салды.

Шара соңында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары ардагерлерімізге ән-шашуларын тарту етсе, аудан ақсақалдары ақ батасын берді.

ЖОЛДАМАНЫ ЖЕҢІП АЛҒАН САРБАЗ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы басқару органдары, әскери бөлімдерінің даярлық жоспарына сәйкес «Достастық жауынгері» «Халықаралық конкурса қатысу үшін сержанттар мен сарбаздар арасында сапалы



дайындық ұйымдастырылды, олардың дайындығына уақыт бөлудің маңызы зор болды, офицерлер мен сержанттар әскери қызметшілер құрамының арасында деңгейі жоғары, оларды дайындау үшін нұсқаушылар тағайындалды, конкурса қатысу -

қажетті ОМБ қамтамасыз етіп отырды.

55/652 әскери бөлімінің әскери қызметкері Аманжол Қайратұлы Тағай сынақтарда ептілігімен, тапқырлығымен, біліктілігімен, әскери дайындығымен ерекшеленіп, оқ бойы алға озды. Үш кезеңнен де мүдірмей өткен жас сарбаздың іріктеу конкурсына табандылықпен, қажыр-қайратымен даярланып келгені үшін әскери бөлім басшылығы ризашылық танытып, әскери қызметкердің болашағынан зор үміт күтетіндіктерін білдірді.

Ал, 55/652 әскери бөлімінің

сержанттар құрамы Аманжол Қайратұлының бойындақ үйренетін жақсы қасиеттердің көптігіне көз жеткізді.

Сонымен, Аманжол Қайратұлы Тағай Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы басқару органдары, әскери бөлімдерінің даярлық жоспарына сәйкес өткен «Достастық жауынгері» Халықаралық конкурса жолдама алды.

Жеңіс құтты болсын, Аманжол Қайратұлы!

55652 әскери бөлімінің сержанттар

СҰРАНЫСҚА ИЕ БОП ТҰРҒАН МАМАНДЫҚТАРДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ -

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

Өзіңе лайық мамандық таңдау оңайға соқпауы мүмкін. Алайда, жүрегің қалаған, қоғамда сұранысқа ие кәсіп иесі болуға мүмкіндік мол. Ол үшін нарықты зерттеп, яки қазіргі қоғамда сұранысқа ие мамандықтар бойынша өз бетіңше сараптама жүргізуге болады.

Мамандыққа деген сұраныс қоғамдағы өзгерістерге қарай әр алуан болады. Мысалы, Кеңес Одағы кезінде мектеп бітіруші түлектердің дені мұғалім, мал дәрігері, мал технигі секілді мамандықтарға оқытатын оқу орындарын жағалайтын. Өткен он жылдықта заңгерлер, қаржыгерлер, кеденшілер оқытатын оқу орындарының таразысы төмен тартты. Олардың тым көп даярланғаны соншалықты, жұмыссыз заңгерлер мен экономистердің армиясы қалыптасты. Бұлар амалсыз мамандығын өзгертуге не басқа салада жұмыс жасауға мәжбүр болды.

Соңғы жылдары ауылшаруашылық саласының мамандарына деген сұраныс артып, онда жоғары өнімді жаңа техника, жаңа өндірістік технология ене бастады. Сол себепті салаға жаңа мамандық иелері өте қажет болып отыр. Бұрынғы егін, мал шаруашылығы салаларындағы мамандықтар да уақыт ағымына қарай жаңа түрге, жаңа кәсіптік өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп, бүгінгі ауыл шаруашылығы мамандарының міндеттері мен жұмыс ауқымдары жаңа мән мен мазмұнға ие болғанын аңғаруға болады.

Бір сөзбен айтқанда, өз кәсібін теориялық және практикалық тұрғыдан терең білетін және түсінетін, оқымысты да

ақылды жас кадрлар аса қажет.

Қазір ауыл шаруашылығы бағытында кадрлар қажеттілігі артып, зоотехник, мал дәрігері, агроном, агрохимик және топырақтанушы мамандар жетіспейді, сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласында қызмет жасайтын көп салалы жұмысшылар қажеттілігі байқалып отыр.

Қазіргі таңда облысымызда ауыл шаруашылығы саласы бағытында жоғары білімді мамандар даярлайтын жалғыз оқу орны бар – Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Ауылшаруашылық ғылымдары Жоғары мектебі.

Қазір ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпорындарды ірілендіруге байланысты инновациялық технология тілін білетін мамандар мен жұмысшыларға деген сұраныс қанағаттанарлық емес. Осыған байланысты «Болашақ» бағдарламасына сәйкес, былтырдан бастап халықаралық стипендия тағайындау үшін шетелде мамандарды даярлау бойынша басым мамандықтар тізімі бекітілді. Бұған «Агрономия», «Ветеринарлық медицина», «Ветеринарлық санитария», «Орман шаруашылығы ісі», «Топырақтану, агрохимия, өсімдікті қорғау», «Балық шаруашылығы және балық аулау өндірісі» секілді мамандықтар кіргізілді.

Үдемелі индустриялды-инновациялық жағдайға байланысты, елімізге сапалы ауыл шаруашылығы мамандары өте қажет.

Сонымен бірге, қазіргі заманға сай, сұранысқа ие болатын ауыл шаруашы-

лығы мамандарын даярлау мақсатында жоғары мектептің Агрономия, Топырақтану және агрохимия мамандарын оқытуға арналған заманауи екі жылыжай, ауыспалы егістік танабы, жүзім танабы, қарқынды алма бағы және көкөніс бақшасы өсірілетін ғылыми оқу-өндірістік кешендерінен тұратын оқу базалары және сонымен бірге жоғары технологиялармен жабдықталған, қарқынды өсіру технологиясымен жұмыс жүргізетін көптеген жергілікті өндірістермен келісім-шарттар құрылған.

Агрономия, Агрохимия және Топырақтану мамандықтарының студенттеріне дуальді оқу бағдарламасы енгізілген. Бүгінгі күнде әлемнің Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция сияқты дамыған елдерінде дуальді оқыту жүйесі табысты жұмыс істеуде. Бұл жүйе – білікті кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Дуальді деген «бірлесу» деген мағынаны білдіреді. Яғни, өндірістері, әлеуметтік серіктестердегі өнім өндіру технологиясын білім ұйымдарының бағдарламасына енгізе оқытып, кәсіпорындарға мамандарды бірлесіп даярлайды. Сондықтан, біз сіздерді біздің оқу ордасына шақырамыз.

Г.ЕЛИБАЕВА,

Агротехнология кафедрасының меңгерушісі,

Г.ЕСЕМБЕКОВА,

Агротехнология кафедрасының

ТУРНИКТЕ ҰРШЫҚША ИІРІЛГЕН ТҮРКІСТАНДЫҚ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



Түркістан облысының тұрғыны Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлының қолынан жарты миллион теңге жүлде алды. Азамат Сапар «Street Workout» байқауы аясында турнирді ұршықша иіріле өнер көрсете алатынын танытты, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі.

Астана қаласының 20-жылдығын мерекелеу аясында «Этноауыл» ұлттық-мәдени кешенінде сәуір айының соңында министр Арыстанбек Мұхамедұлы бастаған «Challenge Street Workout» байқауының қорытындысы шығарылды. Бас-аяғы байқауға еліміздің түрлі өңірлерінен 167 өтінім түскен. Сонымен қатар, АҚШ, Қытай мемлекеттерінен де қатысушылар белсенділік танытқан.

Қазылар алқасының

пікірінше, бейнежазбалардың авторлары челленджге аса жауапкершілікпен қараған. 167 өтінімнің 126-сы қазылар алқасының қарауынан өтті. Алматы, Астана, Талдықорған, Қарағанды облысынан ең көп өтінім келіп түскен.

«Қатысушылар арасында елімізге танымал Серік Сәпиев, Әділ Ахметов, Қайрат Нұртас, Денис Тен, Галиб Джафаров, Қанат Ислам, Жақсылық Үшкемпіров, Юрий Мельниченко, Нұрбақыт Теңізбаев, Әсет Иманбаев, Ардақ Назаров, Мөлдір Әуелбекова, Меломен тобы және басқа да спорт және өнер қайраткерлері бар. Өтінімді тіпті, ұжым болып жібергендер бар, олардың арасында - Ұлттық штаттық командалар резерві дирекциясы, Жаркент, Арасан шипажайы, Ақтөбе облысының спорт және дене шынықтыру басқармасы, үкімет өкілдері - Маңғыстау облысының әкімі

Ералы Тоғжанов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омар да қатысқан», - делінген хабарламада.

Арыстанбек Мұхамедұлы аталған челлендждің салауатты өмір салтын қалыптастыруда маңыздылығын атап өтті.

«Осы челлендждің қатысушыларына алғыс білдіремін. Бұл біздің соңғы акциямыз емес, біз бұдан әрі де мұндай шараларды жалғастырамыз. Біз жақын арада Ақтау қаласында спорт алаңын саламыз», - деді Арыстанбек Мұхамедұлы.

Ең үздік роликтің авторы ақтаулық Эльдар Ягъев. Ол 10 мың дауыс жинады. Енді оның қаласында кәсіби көше алаңы пайда болады.

Сонымен қатар, Азамат Сапар есімді Түркістан облысының тұрғыны трюктардың әралуандығымен таң қалдырып, 500 мың теңгелік арнайы сыйлыққа ие болды. Ал Ақтөбе қаласының тұрғыны, 8 жастағы рекордшы Мұса Тұрғымбаев та ынталандыру сыйлығына ие болды. Алматылық Саят Дүйсенбі де назардан тыс қалмады. Қостанай қаласының ПМ Академиясы «Үздік командалық бейнежазба» аталымында үздік шықты, «Үздік мотивациялық бейнежазба» Толағай Шынболатовтың еншісінде, ал Ұлттық штаттық командалар резервінің бейнежазбасы «Ең сапалы видео» аталымында үздік атанды.



ҚАЗАҚ СПОРТШЫСЫ ДЖИУ-ДЖИТСУДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Қазақ спортшысы Айдар Махметов джиу-джитсудан Мәскеуде өткен ACB аясындағы әлем чемпионатында топ жарды. Бұл туралы спортшы Facebook желісіндегі парақшасында жазды, - деп хабарлайды Vesti.kz. «Көп күттірген алтын жүлдеге ақыры қол жеткіздім. 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қызыл күрең белбеу иегерлері арасындағы шеберлер дивизионында (36-40

жас) сайысқа түстім. Үш белдесу - үш жеңіс: ресейлік, армян және финалда ирандықты жеңдім. Досым Мұрат Бермұхамбетов те өзге санатта қола жүлдегер атанды. Ризамын», - деп жазды спортшы.

ACB JJ WORLD CHAMPIONSHIP GI 2018 жарысы ересектер, жастар мен жасөспірімдер арасында да өз жеңімпаздарын анықтады.

Ескектен жарыс



2018 жылғы жазғы Азия ойындарына өңірімізден 7 спортшымыз аттанып отыр. Айта кететін жайт, спортшыларымыз желкенді қайық сайысы бойынша бақ сынасады. Осы уақытқа дейін желкенді қайық спорты бойынша облыс құрамасы талай байрақты бөсекелерге қатысып, айдарынан жел ескен болатын. Енді алдағы өтетін жарыста да жерлестеріміз бас жүлдені иемденеді деген сенімдеміз.

Биылғы 18-інші Азия ойындарын Индонезияда өткізу жоспарлануда. Жарыс 18 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында өткізіледі. Спортшыларымыз Бадам суқоймасында орналасқан ескек есу спорт мектебінде тәлім алған. Айта кетейік, алдыңғы жылы 9 медаль алып келген болатын. Оның ішінде 4 алтын, 3 күміс, 2 қола медальдар иемденген. Су спортшылары бүгінде қызу дайындық үстінде. Бұл жылы да спортшыларымыздың алға қойған мақсаты - ел абыройын асқақтату.

Соңғы жылдардың бедерінде бұл спорт түрі елімізде қарқынды дамуда. Азия ойынына аттанғалы отырған спортшыларымыз 4 түрлі сайысқа қатысады. Жарыс белгіленген маршрут бойынша әр түрлі қашықтықта өткізіледі. Спортшыларымызға сәттілік тілеп, жарысқа дайындыққа шығарып салу іс-шарасы болып өтті. Алдағы уақытта Бадам өңірінде желкен спортының бөлімшесін ұлғайту жоспарда бар екенін жеткізді. Сонымен қатар, папирус қайық спортын іске асыру жоспарлануда.

Бетті дайындаған: Жандос САҒЫНДЫҚОВ.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА: ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕЛ НАМЫСЫН 2 СПОРТШЫ ҚОРҒАЙДЫ

Кеше, Финляндияның Тампер қаласында жеңіл атлетикадан жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты басталды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. ҚР Жеңіл атлетика федерациясы таратқан мәліметтерге сүйенсек, жарысқа 1999 жылдан бері қарай туған балғын спортшылар қатысады. 15 шілдеге дейін жалғасатын жарыста Қазақстанның намысын екі спортшы қорғайды. Олар - Давид Ефремов пен Екатерина Шлыкова. Тампердегі «Ратина» стадионында өтетін әлем біріншілігіне 150 мемлекеттен 1400 спортшы бақ сынамақ. 110 метрге тосқауылдар арқылы жүгіретін Ефремов жарыс жолына 11 шілде күні шығады. Іріктеу кезеңдері Астана уақыты 12:30-да басталады. Сол күні кешкі 19:40-та жартылай финал өтеді. Ал финал шілденің 12-сінен 13-не қараған түні сағат 00-00-ге жоспарланған. Спорттық жүрістен бақ сынайтын Екатерина Шлыкова 14 шілде күні өнер көрсетеді. Ол 10 шақырымдық қашықтық бойынша қатысады. Басталуы - Астана уақыты бойынша 12:35.

2020 ЖЫЛҒЫ АУЫР АТЛЕТИКАДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ҚАЗАҚСТАНДА ӨТЕДІ

2020 жылы ауыр атлетикадан Азия чемпионаты Қазақстанда өтеді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

ҚР Ауыр атлетика федерациясы таратқан мәліметтерге сүйенсек, Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында Халықаралық ауыр атлетика федерациясы (IWF) Атқарушы комитетінің отырысы және IWF конгресінде осындай шешім қабылданған. Аталмыш шара аясында IWF вице-президенті, Қазақстан ауыр атлетика федерациясы президенті Жанат Түсіпбеков пен Азия ауыр атлетика федерациясы президенті Мұхамед Юсеф Әл Ман арасында кездесу өтті. Келіссөздер нәтижесінде бірқатар келісімдерге қол жеткізілді және ҚР ААФ 2020 жылы Қазақстанда Азия чемпионатын өткізу туралы ресми хатқа ие болды. Азия Құрлығы үшін бұл 2020 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындары алдындағы маңызды іріктеу турнирі болатынын атап өткен жөн. «Азия чемпионатын өткізу құқығына ие болуларыңызға байланысты, біздің шынайы құттықтауымызды қабыл алыңыздар және осындай елеулі шараны сәтті ұйымдастыруда біздің қолдайтынымызды айтқымыз келеді», - делінген хатта.



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

*Заманауи
үлгідегі базасы
арзан сауда
орталығы*

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер, әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



**Мекенжайы: Шымкент қаласы,
«Нұрсәт» м/а.**

МЕДИАЦИЯ БІТІМГЕРШІЛІК НЕГІЗІН ҚАЛАЙДЫ



Елімізде даулы мәселелерді сот қана шешеді деген ұғым қалыптасқан еді. Уақыт талабына орай, бұл көзқарас жақсы жағына қарай өзгерді. Мұны сот саласындағы өмірге енген медиация өзінің тиімділігін айқындады. Мәселен, дамыған елдердің 80-90 пайызы осы медиация заңын қолданып жүр. Тәжірибе алмасу үшін, шетел асқан мамандар бұл бағыттың дұрыстығына көз жеткізді. Осыған сәйкес, бүгінде жалпы елімізде медиация заңы дұрыс жолға қойылып келе жатыр. Азаматтық процесстік кодекстің 17 тарауы бойынша татуластыру рәсімдері бойынша медиацияның басты мақсаты

келісімімен дұрыс шешімге келуге ұмтылдырады. Өйткені, екі тарап бітімге келіп жатса, екі жаққа да сот шешімі әділ болып есептеледі. Айтайық, егер даулы мәселе медиация жолымен шешілмесе, әрі қарай іс сотта жалғасып жатса, әрине екі тарап шығынға жол береді... Мемлекеттік баж төленеді, екі тарапта сот шығынын өтеуге мәжбүр... Сонымен бірге заңгер жалдауға тура келеді. Сондықтан да, бүгінде халықты әуре - сарсаңға салмай, шешетін игілікті іс сот кабинеті арқылы жүзеге асады. Тұрғындар үйде отырып, ғаламтор арқылы облыстық соттың арнайы сайты арқылы талап-арыз қалдыра

алады. Тиімді емес пе? Әрине, тиімді. Бір құптарлығы, сот отырыстары түгелімен бейне және аудио таспаға түсіріліп, сот кабинетінде сақталады. Ал, талап-арыз берушілердің медиацияға деген сенімін арттыра түседі. Бұл - ұлттық сана мен болмысқа қайта оралу деген сөз. Осы жөнінде Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында ерекше атап өткені бәрімізге аян. Меніңше, рухани жаңғырудың бір тармағы даулы мәселені сотқа жеткізбей, өзара татуласуға даңғыл жол ашу болып табылады. Демек, медиация заңы дауласуды болдырмау мақсатында бірлікті барынша қолдауға игі ықпал етеді. Даулы мәселені медиация заңымен шешу жөнінде ел арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу - сот саласы қызметкерлері үшін жауапты іс. Тәжірибе көрсеткендей, нәтижесі жақсы.

Алдағы кезде де медиация заңы елімізде кеңінен қолданылып, оның көк жиегі кеңі түседі деген сенімдемін.

Серік НИЯЗБЕК,
мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы,
Шымкент қаласы

**II категориялы
ЖШС
4 га жерімен,
өндірістік база-
сымен, құрылыс
техникасымен
сатылады.**

Тел.: 8(7252) 50-06-69,
8 701-734-25-54

О ликвидации

*** TOO «ORLESAUDA» (БИН 110140013562) объявляет о своей ликвидации. Все претензии принимаются в течение месяца по адресу: г. Алматы, Эйхе көшесі, 21 «А» үй, 38 пәтер.

Открылось наследство

*** Умерла Турдалиева Карамат. Дата смерти: 05.03.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулейменовой А.О. по адресу: г. Шымкент, ул. Капал батыра, 4. Тел.: 8 701-685-85-85.

Жарамсыз деп танылсын

*** Жеке кәсіпкер Набиев Аскер Халисович атына берілген 2010 жылы шыққан зауыт №90005433, Штрих-Фр-Ф-KZ маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Турганова Роза Қуанышбековна атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №AA00844771, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Абдуллаева Марал Сакеновна атына берілген 2006 жылы шыққан зауыт №AA00784533, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Мун Регина Олеговна атына берілген 2006 жылы шыққан зауыт №00134489, Меркурий 130 Ф KZ маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Ким Виктория Климентьевна атына берілген 2003 жылы шыққан зауыт №669, Элит Мини Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Тагаев Есеналы Елемесович атына берілген 1998 жылы берілген зауыт №0707, Элит Мини Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Тагаева Күләйша Елемесовна атына берілген 2000 жылы шыққан зауыт №2274, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сураганов Батырхан Галымжанұлы атына Оңтүстік Қазақстан экономика және статистика колледжінен 18.06.2015 жылы берілген тіркеу №1351, ТКБ 0835946 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Джолдасбекова Сарбиназ Нурлановна атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №88000000589, «Порт DPG-150 ФKZ» маркалы кассалық аппаратының чек кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Стар Альянс Трэйд» ЖШС атына берілген 2008 жылы шыққан зауыт №002-04812, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

танылсын.

*** «Югстройпроект» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №485892, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Комерсант KZ» ЖШС атына берілген Меркурий 130 F KZ маркалы кассалық аппаратының тіркеу кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Фиркан» ЖШС атына берілген 2002 жылы шыққан зауыт №AA00318654, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Мелдебекова Камшат Семейевна атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №00883749, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Назаркулова Гульсара Юнусалиевна атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №7456, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Mobile system» ЖШС атына берілген Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу картасы нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Аймурзаева Айдин Абдуганикизи атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Абешова Дина Батырбековна атына берілген «Алтын алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «ЕНОШ-KZ» ЖШС атына берілген мөр, жарғы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Дүйсебаева Гульзамира атына берілген «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Сан и К» ЖШС атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №340854, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Артай-Ж» ЖШС атына берілген 2003 жылы шыққан зауыт №1346957, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Тұрғын үй Шымкент» ЖШС атына берілген жарғы, статистикалық карта, мөр және барлық құрылтай құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«Айғақ» республикалық газетінің және «Айғақ» телеарнасының ұжымы Қазақ телевизиясының ардагері
Болат УБАТАЙҰЛЫНЫ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туған - туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Ремонт телевизоров
и спутниковых антенн**

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54, 8 771-670-72-37

Жер телімі сатылады
(фундаменті бар, қоршалған).

Пахтакор-2

Тел.: 8 778-818-09-89